



АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ

Қызылорда облыстық жастар газеті



Жаннан қымбат оларға ар. Мен жастарға сенемін. Мағжан

№ 39 (420)
30 Қыркүйек, 2021 жыл

АЙМАҚ БАСШЫСЫ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІН ТЫҢДАДЫ

Аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова облыстық жастар ресурстық орталығында көпбасшы жастармен бейресми кездесу өткізді. Жастармен кездесуде екі мәселе айтылды. Біріншісі, қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, сонымен қатар жастардың ғылыми техникалық өлеуетін арттыру, екіншісі, жастар кәсіпкерлігін дамыту және жастардың стартап жобалары ортаға салынуы.



Ерасыл ШӘРІБЕК

Талантты өңшілерді бір арнаға тоғыстырған «Қазақстан дауысы» байқауының жаңа маусымы жаңашылдықпен көрерменге ұсынылуда. Бойды балқытып, көңілді шалқытқан өңдер мен қоңыр дауыс қазыларды ерекше таңқалдыруда. Аталмыш байқауда жерлесіміз Құралай Мейрамбек талантымен талайларды таңдай қақтырды. Өрелі өнерпаз музыкалық жобаның телевизиялық іріктеу кезеңінде «Қорқыт-қобыз» өнін ерекше сарында орындап, қазылардың ең жоғарғы бағасын алды.

Ерасыл ШӘРІБЕК

Рас, Сыр бойы – таланттарды түлеткен құтты мекен. Құралай бұл ұғымның текке айтылмағанын тағы бір мәрте дәлелдей түсті. Амангелдінің ауы бәсі жоғары байқауда «Қорқыт-қобыз» өнінің екінші тынысын ашқандай. Оның қобыз сарынымен ұштаған қоңыр үні деңгейді дір еткізбей қоймайды. Сондықтан қазылар алғашының төртеуі де бұрылып, тік тұрып, қолдау көрсетті. Тіпті, Сыр таланттына таңдай қағып, әуесін әнді қайта орындап беруін сурды.

Өрне, бұл – жүрегі бар кез келген адамның жандүниесін қозғайтын өрнегі. Тарихи туынды осыдан 22 жыл бұрын дүниеге келген. Ол тұста қазір сахнаның сөніне айналған Құралай небәрі 8 жаста ғана еді. Шынайы шығарма уақыт өткен сайын жақтас тастай жарқарай түседі деген осы. Өзінің келінін Қазақстанның мәдениет қайраткері, ақын Оңталап Нұрмахан жазған. Ал, әуені – белгілі композитор, Қазақстанның өңбек сіңірген қайраткері Рамазан Таймановтың жүрежарды туындысы. Екінші тынысы ашылған өнін ерекше нұсқасына автордың өзі оң бағасын берді.

Байқаудағы 4 қазының қандай жағдайда болғанын көрермендер көрді. Құралайдың орындауындағы әнді тыңдап қалбағандығы жасырмаймын. Құралай «Қорқыт қобызы» қазының қолпортын жоғалтпай, жаңа заманның нақышына келтіріп орындады. Ең ерекше тұсы қобыздың үні өз даусымен орындағаны керемет әсер қалдырды. Республиканың түлік-түпкірін музыканың мықты мамандары хабарласып, жаңа стилдің сәтті шығуымен құттықтады. Құралайдың жаңа нұсқасына оқ бағамды бердім, – деді автор Рамазан Тайманов.

Қобыз үнін көмейіне қондырған талант Сырдария әуенін, Амангелді ауылында дүниеге келген. Құралай өнер жолына 5 жасында қадам басты. Ол – Қазақстанның өңбек сіңірген артисі Қараөз Ақдәулетованың шәкірті. Өнер майталманы болашағын зор үміт күттіретін жеткіншекті жазбай танып, бағыт-бағдар берген. Ең алғашқы байқауы Қызылордадағы «Ботаника» болды. Ол кезде 5 жаста едім. Үлкен сахнаның дамын сол кезде таттым. «Қазақстан дауысы» – кезекті байқауымның бірі. Байқауда көздеген мақсатыма жетуді қалаймын. Таңдау жасаған тәлімгерім Сәкен Майғазиевпен бірге жасы жұмыс істеп, керемет туындыларды көрерменге ұсынатын деп ойлаймын. Жалпы байқаудағы ең алғашқы сыйлымын теледидар болды. Анаммен бірге сол кезде қатты құандым. Отбасым әрқашан мені қолдайды, қасымда. Барлығы өнерден алыс емес. Өкем егемендік алған кезден бастап музыка сабағынан дәріс беріп, ұлттың өнердің дамуына зор үлес қосты. Анам да музыкадан бейбарар емес. Өпкем Гүлзат Әбдіқаримова – Қазақ эстрадасында өзіндік орны бар «Қоңыр» тобының өңшісі. Одан кейінгі Ұлпан өпкем «Шабыт» Қазақ Ұлттық университетінің түлегі, бірнеше дүркін халықаралық байқаулардың жеңімпазы, классикалық өн өнерінің шебері. Қазір отбасылы. Ағам Бақырмет Әбдіқарим біден ерекшеленіп, медицина саласына бет бұрды. Бірақ қолы қалт етсе, аспаптармен өн шығарайды. Інім Дулат та музыканы жақсы көреді. Отбасымызбен дастархан басында қазақтың әндерін орындаймыз, – деді Құралай Мейрамбек.

Айта кетсек, «Қорқыт-қобыз» әні – алғаш Гүлнұр Оразымбетованың жұлдызын жаққан туынды. Сондықтан сол бағы жұғысты болсын деп әпкесі ұлттық арна төріне арнаы шақырып, Құралайға құрмет көрсетті. Сонымен қатар Құралайдың орындауындағы «Қорқыт-қобыз» әні YouTube желісінде миллионға жуық қаралым жинап, сұраныстағы үздік бес сюжетті қатарына енген. Еңдеше талантты жерлесімізге бәсі биік байқауда топ жаруға тілектестік білдіреміз.

Рас, бүгінде сапалы білім алу үшін студенттерге жағдай жасалуы тиіс. Өсірісе қыркүйекте білім алушыларға жатахана жетпейтіні жасырын емес. Биыл облыстық Zhas Olan жастар қанаты жатахана мәселесіне қатысты сараптама жүргізді. Нәтижесінде Қазанғап атындағы жоғары музыкалық колледжінде біршама қиындықтар белгілі болды. 600 студентті бір мезетте сыйдыратын оқу орнында 100 білім алушы ғана жатаханада жатып оқуға мүмкіндігі бар екен. Алайда оқу орны мен жатын орнын бір ғимаратта орналастырудың кедерлері жетерлік. Түйтілді мәселеге қатысты облыс әкімі Гүлшара Наушақызы жаңа ғимаратқа көшуге жағдай қарастыру қажет екенін айтты. Алайда білім басқармасының дерегіне сәйкес, оқу орнын жаңарту мақсатында 499 млн теңгеден құрайтын сметалық құжат әзірленген.

Басқосуда жастар өңінде өскелең ұлақтың жан-жақты дамуына жағдай жасалып жатқаны көңіл қуантауына жеткізді. Халықаралық жарыстардың 39-ында жүзде алған мұз ханшайымы Элизабет Тұрсынбаева ең жеткен жетістіктерін өңірміздегі жастарға көрсетілген қолдаумен байланыстырды.

Қазіргі таңда өңірміздің жастары түрлі саладағы байқаулар мен сайыстарда биік белестерді бағындырып жүр. Бұл ретте, жастарға жасалып жатқан қолдаудың маңызы ора-

нана зор. Бір апта бұрын спорттық мансабымды аяқтауға бел будым. Себебі де бар. Бүгінде жаттықтырушылыққа ден қоюуды құл көрдім. 2011 жылдан бері жинақтаған тәжірибем қысқы спорт түрінің одан ары жаңдануына мүмкіндік беріліпін, айтқым келеді. Яғни, берілген мүмкіндіктерді пайдаланып, облысымыздың тек алдыңғы қатардан көрінуіне үлес қосатыныма сенім білдіріп келеді, – деді Элизабет Тұрсынбаева.

Қоғамдағы белсенді жастың бірі Сағатбек Синоев мүмкіндігі шектеулі жастардың өзекті мәселесін ортаға салып, облыс әкімін шаһарды бірге аралауға шақырды. Президент Жолдауында айтылған кедергісіз келешек біздің қоғамда жоқтың қасы. Кей ғимаратқа кірсе, стандартқа сәйкес пандустар орнатылмаған. Мысалы, Нартай Бөкежанов драма театрынан рухани көшетерді танаушылығы келеді. Алайда театрдағы пандус «трамплинге» айналған. Бір сағат уақытындағы бөлсеніз, қаладағы қажетті орындарды бірге аралауға шақырамын, – деді Сағатбек Қуанышбайұлы.

Сағатбектің ұсынғысын аймақ басшысы қабыл алып, барлық басқарма басшыларымен әңдеп басында бірге аралайтынын айтты. Оңірде кемшіл қалған саланың бірі – кино индустриясы. Топтықлықтың орын Жасұлан Абдрабергеновтың отпалуы атсалысып жүр. 2019

жылы Aslan кино студиясын құрған Жасұлан жаңа жобаға аппараттық қолдаудың жоқтығын жеткізді.

– Көршілес отңүстікте кино индустриясы 20 жыл бұрын іргетасы қаланған, бүгінде даму динамикасы жоғары. Бұл бағытта біздің өңір ең соңғы қатарда деп санасқ боларды. 2019 жылы несие алып, жаңа жобаны қолға алдым. Демешілер де көмекін анып қалған жоқ. «Баялғас», «Баялғас» секілді фильмдер мен сериалдары түсіріп, YouTube желісіне жүктеді. Ең аз қаралым 100 мыңды құрады. Көрермендер арасында сұраныс бар. Түсірілген дүниелер жергілікті Оқу-лұда телераңсы арқылы көрсетіле, біз үшін үлкен мотивация болар еді, – деді Жасұлан Абдрабергенов.

Aslan кино студиясының еңбетін жоғары бағалаған облыс әкімі Фильмдерді жергілікті телераңдан көрсетуі мүмкіндік жасауға уәде берді. Сондай-ақ Aslan кино студиясының жетекшісіне қоғам жастарын белсенділікке шақыратын ролігер өзیرهуі тапсырма берді.


Екі сағатқа жуықтаған кездесуде келелі мәселелер айтылып, жастар саясатын дамыту мақсатында оқ пікірлер мен ұсыныстар ортаға салынды.

Шара соңында Гүлшара Әбдіқалықова жастар саясатының дамуына үлес қосып жүрген көпбасшы жастарды марапаттады.

БҮГІН – СӘБИЛЕР КҮНІ

ӘЛЕМНІҢ ҒАЖАБЫ – СӘБИДІҢ ҮЛІ

Бұл мереке ел арасында ресми тіркелмеген. Бірақ атауды күн дүниежүзі бойынша дені сау баланың өмірге келуін қолдау мақсатында белгіленген. Осы орайда облыстағы ана мен баланың қазіргі жағдайына блуге тырыстық.



Айгүл СЕРІКБЕКҚЫЗЫ, нәрестелерге арналған жасқақтау бөлімінің меңгерушісі:

Гүлдана ЖҒМАДИНОВА

– Ден қазір сабилердің шала туылу көрсеткіші жоғары немесе төмен деп айта алмаймын. Бірақ 500 граммнан 1 килограмма дейінгі экстремалды аз салмақпен нәрестелер жиі дүниеге келуде. Бұл жағдайға жас аналардың денсаулығы тікелей әсер етеді. Өсірісе әйел ауыр келіпеш экстрагениталды патологиямен, яғни бүйрек ауруларымен, қан қысымымен, қаны аз жағдайда (анемия) болса, бала шала туылады. Оған қоса жас отбасының әлеуметтік жағдайы, бала санының көп болуы, жиі босану да мәселенің басты факторы саналады.

Қазір орталықта шала туған сабилерге арналған аппараттар саны жеткілікті, тіпті жаңа туған нәрестенің көзін тексеретін құрылғылар, УЗИ аппараттары да бар. Сол арқылы нәрестелерді ауруларды ерте анықтап, ота жасау қажет болған жағдайда медициналық көмекпен Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларына ауыстыру жолға қойылаған. Шала туған шақалықтың салмақ қосып, әрі қарай жетілуі үйдің ана күтіміне де тікелей байланысты. Аз салмақтағы сәбидің бірдей саулығын кетеді деп айта алмаймыз, олардың бір жақса дейін шетінен кету қаупі жоғары, – деді дәрігер.

Маман пікіріне сүйенсек, шала туған сабилерде өлге жеткіліктідей жиі кездеседі. Соңғы уақытта пандемия әсерінен аяғы ауыр жас аналар вирусты инфекцияны жұқтыру бойынша тіркелген. Бұл жағдай нәрестелердің туа бітті жүрек ақауымен дүниеге келуіне ықпал еткен. Сондықтан Айгүл Серікбекқызы саби күтім ербір ананың өз денсаулығына жиі мән беру керектігін баса өскертті.

– Нәрестені аман-есен қолға алу үшін жұткілікті жоспарлау маңызды. Созылмалы аурулардың алдын алған дұрыс. Алғашқы үш айда құрсақтың баланың іші ағзалары қалыптасады, мүмкіндігінше сол уақытта аяғы ауыр аналар ерекше күтінін өзбала, – деді ол.

Сәбилі болу – әрбір жас отбасының арманы. Ал шынырақ шаттық сыйлайтын бақыты, дені сау бала – ұлттың болашағы. Сондықтан ербір ата-ананың бала алдындағы жауапкершілігін сезінуі бәрнен маңызды.

КЛУБ ОҚЫРМАҢДАРЫ ОЙЛАРЫН АЙТТЫ



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Ө.Тәжібаев атындағы әмбебап-ғылыми кітапханасының жұмысымен танысып, одан әрі, коворкинг орталығында «Кітап құрттары» клубының мүшелерімен кездесті.

Басқосу барысында клуб жетекшісі Таптал Мәңдібаев клубтың Қазылы ауданында бөлімшесі ашылғанын және ағда уақытта басқа аудандарда ашу жоспарда бар екенін жеткізді. Сонымен бірге ізденімпаз студенттерге арналған Қорқыт ата университетінде қосымша курс басталғанын айтты.

Кездесуде жастар аймақ басшысымен кітап оқу мәдениеті туралы еркін ой қозғайды. Гүлшара Әбдіқалықова интеллектуалды ұлт қалыптастыруда кітап оқудың маңыздылығын қалғерге салып, жастарды «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында қазақ тілінде жарыққа шыққан кітаптарды оқуға шақырды.

Облыс әкіміне клуб оқырмандары атынан «Қыз Жібек» дастанын табыстады. Сонымен бірге қала ішінде жастарды кітап оқуға жетелейтін бірнеше идеялар айтылды. Кездесу соңында аймақ басшысы жастар тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлерді ескеріп, алдағы уақытта жастар кезесінде талқыланатынын айтты.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің №5 жатақханасында студенттердің тұрмысымен танысты.

ЖАТАҚХАНА ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ



Жүздесу барысында жастар өмір басына көкейде жүрген сауалдарын қойып, жатақханадағы қызықты сәттерін айтып, түрлі идеяларын ортаға салды. Сонымен қатар №5 студенттік жатақхана аяласында спорттық ойындарға арналған алаң жабықталған. Өткен жылы футбол алаңы күрделі жөндеуден өтті.

Университетте білім алатын жастар бос уақытын спорттық кешендерде өткізеді. Өмір басына университет базасындағы «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешенін аралап көрді. Нысанның материалдық-техникалық базасымен танысты. Аймақ басшысы бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысу жастардан бастау алу қажеттігін атап өтті.

Бұл ретте өмірде университет бөзасынан бөлек, түрлі секцияларға тегін қатысу мүмкіндігі қарастырылғанын еске салды. Кездесу соңында аймақ басшысы «Жастар орталығы» ғимаратында аймақтар бойынша жастармен жүздесетінін айтып, сөз соның түжыратындығын айтты.

ДАЛА ӨРТИНЕН САҚТАҢ

Дала өрті – дала өсімдіктері арқылы өртінің стихиялық бөлінуімен таралуы. Өртінің таралу механизмі орман өртіне ұқсас, бірақ дала өртінің таралу жылдамдығы бірнеше есе жоғары. Өрті табиғи ортаға (өсімдіктер мен жануарлар өлеміне) қорған зор зиян келтіреді, адамдармен экономика объектілері үшін қауіпті болуы мүмкін. Дала өртінің таралуының зиянсыз, сондай-ақ шешімдерін табуға ықпал етеді. Дала өртінің негізгі себебі – антропогендік факторлар. Отырған жердегі нағыз және басқа да табиғи факторлар себеп болады. Жалпы табиғи өртінің негізгі кінәсі – адамның жұмыс және демалыс кезінде отты пайдалануында немісқайтылуы. Өртінің негізгі табиғи аясында демалу орындарында, аң аулау кезінде, лақтырылған сірікпенде, сендірілмеген темірден болады. Орманның бөлектері мен шыны сынықтарына қиыншылықты тоғы өкініш жүйі кереміт, шығуы күшкері бүтін бүтіндерге күн сәулелері отты линзалар ретінде бағыттайды. Осылайша лақтырылған бөлектер сынықтары да өрт шығуына себепші болуы мүмкін. Толық сендірілмеген өрті одан әрі үлкен апаттарға өкелуі мүмкін. Орман алқаптарына жақын орналасқан елді мекендер ең үлкен өрт қаупіне ұшырайды. Құрғақ желді ауа-райында орман немесе дала өрті құрылымдарға таралуы мүмкін. Орман және дала өртінің пайда болуы болдырмау үшін өрт қауіпсіздігін біртұтас ережелерін сақтау қажет.

Аса қажет болмаса от жағуыңыз! Егер от жағу аса қажет болса, топырақты құрғақ шептерден, бұтақтардан оңай тазартатын орындары таңдаңыз. Оттың айналасындағы таза жер жолағы ені 0,5 метрден 1 метрге дейін болатындай етіп от астындағы орындарды қызыл алыңыз. Өзендердің, көлдердің құмды жағалаулары, орман жолдары, таза арықтар от жағу үшін қауіпті аз жер болып саналады. Пайдаланып болғаннан кейін жалын топырақпен мұқият жабылуы керек немесе Ысқызы топырақпен тоқтатып су құйылуы керек. Құрғақ және желді ауа-райында от жағуға жол берілмейді; жапыр тұрған сіріккелерді, сендірілмеген темір тұндырғын тастаманың, спардың сенгеніне көз жеткізіңіз. Егер сөз өрт аймағында болсаңыз, желдің бағытын және оттың таралуын анықтаңыз. Қауіпті аймақтан тек қозғалыс бағытына перпендикуляр шығыңыз; өрті басып озбаның, оттегі жетіспеушілігін жету үшін жерге енуіңізді, дамып орман немесе суланған жер арқылы дем алыңыз. Егер өртінен құтылу мүмкін болмаса, жақын маңдағы су көздерін тауып (өзен, көл, канал, арық т.б.), топырақпен суға кіріп тұрыңыз. Өртің орны, мөлшері мен сипаты туралы өрте қарса қызметке елді-мекен өкілшілігіне немесе орман шаруашылығына хабарлаңыз.

Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі

ЕЛОРДАДА ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Қазақконцерт елордалықтардың «Сүйелердің ізімен» атты жаңа концертпен қуантты.



Бұл кеште Қазақконцерт артистерімен бірге жыр елі атанған Сыр өңірінің талантты ақын-жыршылары өнер көрсетті. Өнер сүйер қауым ұлттық құндылықтар мен халқымыздың бай әдеби мұрасы жырлаған өрнек кешті күгері болды. Қоңыртық қатысушылардың бірі, Қазақконцерт ақын-жыршыларының «сүйей» деп атауында үлкен мән бар. «Түме талант» деген мағынасы білдіретін сүйей сөзі Сыр өңірі жыршыларының басты ерекшелігін көрсетеді. «Сүйелердің ізімен» жыр кешінде Жамбыл Жабаевтың, Кете Жүсіптің, Тұрмағамбет, Нартай, Базар сияқты ақын-жыршылардың шағаралары дәріптеліп, ұлттық өнеріміздің өзекті тақырыптары көтерілді. Ұлттық, тәрбиелік және танымдық мән зор

шығармалардан тұратын бұл концерт Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына арналады, – деді Құнсулу Түрікпен. Жырдан шашу шашып, Сыр сүйелерінің дәстүр сабақтастығын жалғасқан жас жыршы-өнерпаз елімізді бай мәдениеті, шежіре-тарихи өнегелі жырмен жеткізді. Белгілі жырға ұстаз, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Алмас Алматов бастанан талантты жыршылардың өнерін көрермен қауым зор ықыласпен қабылдады. Қазылы жыр мен дәстүрлі өнерге арналған «Сүйелердің ізімен» концерті жаңа форматта өтті. Оның басты ерекшелігі – көрермендер концертті артистермен бірге сахнада отырып тамашалап, концерттің тиесілі қатысушысы бола алады. Қазақконцерттің жас 61-концерттік маусымындағы бұл кеш тыңдарман қауымына нағыз рухани демалыс сыйлады.

КЕЗЕКТІ КЕЗДЕСУ

Жастар орталығының мәжіліс залында мүмкіндігі шектеулі жандардың және үйден оқытып инклюзивті білім алатын оның ішінде, мектеп қабырғасындағы оқушылардың мәселелері қаралды. Кездесу модераторы облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райқұл Байназарова сөз басында қазіргі таңдағы ерекше балалардың қоғамдағы рөлі және олардың мәселесіне тоқталды. Одан әрі кездесу келген мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары сөз алып, балаларының білім алуындағы мәселесін ортаға салды. Сондай-ақ арнайы жеке оқу орталықтарының басшылары шақырылған бұл кездесуде ерекше балалардың ата-аналары балаларының оқуға жеңілдікпен қабылдауды назарға алуды ұсынды.

Бетті дайындаған: Мөлдір САБИРЖАН

ЭКСКУРСИЯ БОЛДЫ

Облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастырумен девантты мінез-құлықты балаларға арналған интернет тәрбиеленушілері «Жастар орталығына» шақырылып, ғимараттың ішіне экскурсия жасады.

Экскурсия барысында тәрбиеленушілер орталықтың жұмысымен танысып, мамандармен пікір алмасты.



Экскурсия соңында тәрбиеленушілер «Жастар орталығы» аралаған сәтте әсерлерін жарыса айтып, алғыс білдірді.

Шара барысында тәрбиеленушілерге 20 жасиңда 2000 жылы Сидней Олимпиадасында жасындай жақ

еткен қазақтың аңыз спортшысы Бекзат Саттархановтың өмірі сомдалатын «Бекзат» кино фильмін тамашалауға мүмкіндігі туды.

GOOD BYE SUMMER FEST

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Қала күні қарсаңында «Сыр үміті» жастар қауымдастығының ұйымдастыруымен «GOOD BYE SUMMER FEST» жастар фестивалі өтті. Фестивальді өткізуге Қорғай ата атындағы Қызылорда университеті, «Осу» халық жастар ресурстық орталығы, «Кітап құрттары» клубы атсалысты. Фестиваль аясында қала күніне арналған керме, «Кітап сыйла» акциясы, «Dance Battle» би сайысы, қызықты «Stand Up» өтті. Келген қонақтар алдымен көрмемен танысып, «Кітап сыйла» акциясына қатысты. Мұнан соң «Dance Battle» заманауи би сайысы болды. Би сайысында жастар екі кезеңде сайлау түсті. Алдымен жеке battle бойынша 22 жас, мұнан соң командалық battle бойынша 15 команда қатысты. Сайысқа «Plus!Lit!» би студиясының жетекшісі Константин Аң, «Алтын алаң» би студиясының хореографы Дархан Маханов, «Osu!» дансы би студиясының жетекшісі Камилла Гагаураулы қатысты. Нәтижесінде жеке сайыста I орынды Дастан Аманжол, II орынды Маржан Пірмағамбет, III орынды Меруерт Амангелді иеленді. Ал командалық battle бойынша I орынды «Trouble» би тобы, II орынды «Onda give» би тобы, III орынды «Golden State» би тобы иеленді. Жалпы сайыс бойынша жүлде қоры – 100 000 теңге. Жеңімпаздарды қаржылай сыйлаумен облыстық мәслихат депутаты «Сыр үміті» жастар қауымдастығының төрағасы Маржан Ерліев марапаттады. Фестиваль қызықты «Stand Up» көңілді кешімен өз мәресіне жетті.

АРДАҚТЫ БІЗДІҢ ҚАРИЯЛАР



Qosyl қалалық жастар ресурстық орталығында «Golden Kazakhstan» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Қызылорда қаласының құрметті ардагерлеріне арналған «Ардақты біздің қариялар» атты іс-шара өтті.

Шарада облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев және қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев жастарға ғибратты өңімелер айтты. Сондай-ақ ардагерлерге Тәуелсіз Қазақстанның дамуына, елімізде азаматтық қоғамның қалыптасуына қосқан баға жетпес үлесі үшін ардагерлерімізді құрметтеу мақсатында Шара соңында ардагерлер арасында ұсыныс-пікірлер айтылып, өзара кеңес жүргізілді.

«ТҰЛПАР МІНІП, ТУ АЛҒАН!» БАЙҚАУЫ




Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Nur Otan» партиясы ҚР Білім және ғылым министрлігі және «Qazaq Eros» қоғамдық қорымен бірлесіп отырып «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауын жариялады.

Байқау 6-10 сынып оқушылары арасында «Едіге батыр» жырын жазып, айтудан өтеді. Қатысушылар қосымша Алтын Ордан мемлекетінің тарихи оқиғаларына қатысты сұрақтарға жауап беріп, жырда кездесетін көнерген сөздердің мән-мағынасын түсіндіріп, қазақ әдебиеті панінің оқу бағдарламасы негізінде әзірленген сұрақтарға жауап беруі тиіс. Байқау 25 қыркүйек – 25 қараша аралығында өтеді. Қатысушылар «Едіге батыр» жырын жазып алып, жырдың ішіндегі көнерген, тарихи сөздердің мағынасын ашып, қазақ әдебиеті оқулығы бойынша әзірленген сұрақтарға жауап беріп, Филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негімов бастаған ғалымдар жырдың Қ.Сәтбаев нұсқасын таңдады. Ол мектеп бағдарламасына толық сәйкес келеді. Байқау кезінде бойынша жеңімпаз атанған жастарға және олардың ұстаздарына қомақты қаржылай сыйлық қарастырылған, – дейді Дәурен Сейтжанұлы. Спикерлер аудандық кезеңде I орын еңшегендер 150 мың, II орын 100, III орын иегері 50 мың теңгеге ие болатынын хабарлады. Облыстық кезеңде үздік шыққан I орын иегеріне 750 000 теңге, II орынға 350 000, III орын үшін 200 000 теңге қаржылай сый қарастырылған. Ал, облыстық (денгейде) жеңімпаз оқушылардың мұғалімдеріне арналған сыйға келетін бөлек. I орынға 1 500 000 теңге, II орын иегеріне 700 000, III орынды еңшеген қатысушының мұғаліміне 400 000 теңге беріледі.

ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ

Облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Ақмешіт» колледжінде суицидальді мінез-құлықтың алдын алу және төртпінсіздік пен құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру мақсатында ІІІ курс студенттерімен сала мамандары кездесті. Қазіргі таңда бойынша психикалық дамуы бұзылған, тез ашуландық, уайымшылық, өзін-өзі санайтын, мінез-құлқында психопатологиялық формалар кездесетін жастар бақытсыз жағдайдың құрбаны болуында. Жан күйзелісіне ұшыай алмай, жағдайдан шығудың жолын таппай, үмітсіздікке бой алдыру мен жеке басының дағдарысы, проблемалары байланып калу – осының бәрі айналды келгенде таңдауды тастап, өміне-өзі қол салуға (суицид) итермелейді. Кездесуде қиындығы полиция бөлімшесінің уәсәхелік полиция инспекторы, полиция майоры Олия Ернарзорова және облыстық жастар ресурстық орталығының бөлім басшысы Бектөлеу Айтбеітенов қатысып, білім алушылар түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, шара қорытындысында студенттер тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді.

№ 38 (419) 23 қыркүйек күні қалыңдағы Олжас Тұрсынбайұлының қызметі Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау қалитаны болып оқылсын.



Шыңғыс Құдайберген



Айбану Қалиева

«ЖАСТАР ЖЫРЛАЙДЫ»

ЖАЗБА АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылып жатқан «Жастар жырлайды» жазба ақындар айтысының ширек финалының үшінші жұбында жолыққан Шиелі ауданының ақыны Шыңғыс Құдайберген мен аралдық ақын Айбану Қалиеваның айтысын назарларыңызға ұсынамыз.

Шыңғыс Құдайберген:

Азаттық деп боп қанша арыс құрбан
Даламнан дұшпанымды алыс қуған.
Ассалаумағалейкум, Сырдың елі,
Батасын аямайтын намысты ұлдан.
Бір ұшқын жүрегіңді жылытады,
Жалынды жыр күтіңдер сан ұшқыннан.
Коронавирус тарап кең далама,
Карантин жағмызды қарыстырған.
Сырдың елі сонда да жырдың елі
Сүлейлерді онлайн табыстырған.
Қазақтың келгенде ешқашанда
Қызылорда кезің жоқ қалыс тұрған.
Аузымен құс тістеген жүйріктерді
Ауыздықсыз аламанда жарыстырған.
"Ақмешіт жастарына" мың рақмет,
Ақмешітпен айтысты қауыштырған.
Екпінің қарсыластың ескергенмен
Салмақты сөз шықпайды сексенненен.
Айбанудай, ақ жеңгем, хәлің қалай?
Шаруасын Тұрардайын шешкен мерген.
Айтулы Арал жақтың ақыны едің,
Айтарда сөз шықпаған бос кеуденнен.
Өрнектетіп төкпейсің өлеңіңді
Қайынына әзіл сөзді қош көргенмен.
Аралдың қасиетті топырағында
Зейнолла, Бекұзақтай көшкен керуен.
Толқандай жырларыңды тасыта бер,
Теңіздің жағасында өскен жеңгем.

Айбану Қалиева:

Көптен күткен ұлы той секілденіп,
Келіп қалыппыз айтыстың да финалына.
Сәлем бердім баршаға басымды иіп,
Күмән жоқ мықтыларды жиганына.
Аты зор, ақ қайным ау, аманбысың?
Берік жігіт өзің ең иманына.
Шиелдей шағардың елі аман ба,
Жаңа өкіміз жақсыларды жинады ма?
Өліде үйрене алмай жүрмісің сен,
Карантиндік талаптың тыйғанына.

Тәуелсіздік қадірін түсіндірді,
Тәуелді боп санаға құйғанына.
Көп созбай кезек берем мен өзіңе,
Ақтара бер сотқаңа сыйғанына.
Шабытты тұншықтырма көсіле бер,
Қорек болар сөз керек миға мына.

Шыңғыс Құдайберген:

Ақ жеңгем аламанға шындап
Бірақ та толтырмадың жыр қашықты
Аралда құрғақшылық болған еді,
Сөзіңіз одан бетер құрғақ шықты.
Айтыстың қыздырыңыз аламанын
Өйтпесе келе қоймас маған әлің.

Мен өзіңе бір сұрақ жасырайын,
Сенің де осы болса қалағаның.
Алаш деп математик бабам өткен
Біліммен сусындатқан бала нәрін.
Орыстармен жер дауы болған кезде
Байқатқан қадалғаннан қан аларын.
Орыс шенеуніктердің ауызын жауып,
Шаңғытқан шешендікпен жау аланың.
Бұл қазақ Тәуелсіз ел болса екен деп
Жасапты тірісінде бар амалын.
Ұрпақтың ертеңі үшін қайғы жұтқан,
Баһадүр менің батыр бабаларым.
Жеңеше, салмақ сап көр санаңызға
Көрейік сенде қандай шама барын.
Журналистің келіншегі білемісің,
Қазақтың қайсар мінез қара нарын?

Айбану Қалиева:

Сөз құрғақ, жер құрғақ деп не деп кетті?
Таяз ой тайғанатар демек тіпті.
Есепті әдебиеттен сұрап отсың,
Ұстасзың білім қамын жемек мықты.
Еске алсам мақтанштан марқаямын,
Кім білмейді Өлімхан Ермековті.
Алаштың кезіндегі жетекші ұлы
Қазақтайын кемеңгер елден шықты.

Сұрақты қояр болсам төтесінен,
Боп отсың әдебиетшім біткенді.
Бүгінгің батырын тауып көсемсіген.
Жарылыстан қайтпаған есен көрші
Елімді құтқарам деп өрт түген.
Ажалдыда жоқ еді бетенсіген.
21-де көз жұмды елім үшін шешесінен.
Жалғыз ұлды айырдық кетті,
Екі-ақ ай еңбек етіп мерт боп кетті,
Ұлықтап сұрайыншы мен де сенен.
Оқулыққа енсе екен ер есімі,
Шығармайтын жас ұрпақ енді есінен.
Жүректерді жаңғыртсын аты мәңгі,
Орын беріп қана қоймай жер төсінен.

Шыңғыс Құдайберген:

Көпшілік ескерсе екен ол датыңды
Жеңеше, қозғадың ба зорға ақылды.
Бейбіт күнде мерт болған сарбаздар көп,
Жолбарыстай қапыда жолда атылды.
Екі жылда қос бірдей жарылыс боп,
Ел-жұртымның көзіне көл қатырды.
Таразымды өткенде теңселткен еді,
Арыстан әкелінген бомба түрлі.
Өлі де естен бұл қазақ шығарған жоқ,
Өлібі Кеңес деген өр батырды.
Қазағым азат күнде терген гүлін,
Менің де ауырайды елмен жүгім.
Даламда тек тыныштық орнаса екен,
Сұм соғыс сұратпасын ерден құнын.
Өйтпесе қайғы жұтқан көршілер көп,
Туысын тауып жатқан көрден бүгін.
Тәліптер қан сасытып елін қырып,
Естіді еркін елдің өлген мыңын.
Қазағым ерқашанда аман болсын,
Татулық орын алсын төрден бүгін.
Алашым жаратқан бермесе екен,
Ауғандардың кешегі көрген күнін.
Жеңеше, мұң көрмейін жанарыңнан,
Қар жаумасын ешқашан қабағыңнан.

Ендеше бұл айтысты аяқтайық,
Тау тұрғыз бойға біткен талабыңнан.
Отбасың-ошақ қасың аман болсын,
Отты жырлар тусын тек қаламыңнан.
Бұйырса қазақ саңын көбейте бер,
Жеңеше, бала саулап балағыңнан.

Айбану Қалиева:

Қос жарылыс қосауыз секілденіп,
Қиратты да, күйретті жанымызды.
Осы сәтте көрсетіп қойғандаймыз,
Қаншалықты шамамыз барымызды.
Апат айтып келмес деп отыра бермей,
Жаңалау керек пе еді оқ-дәрімізді.
Санақақ сан қосылар деп жүргенде,
Не болар бұлай қырса берімізді?
Егемендік еліме енгенімен,
Кім түсінер үріккен халімізді?
Бірақ та біз, қазақтар, қайсар еліміз,
Бала деп жасайтын бар қамымызды.
Қиындықты еңсерер ерлер туар.
Қыздарым бұзбаса егер қанымызды.
Өзге ұлтқа кетпесе екен қара көздер,
Таптап біздің аналық арымызды.
Ұсақталмай жастарым жалындысын,
Солар ғой жағар ертең шамымызды.
Журналистің жазары таусылмасын,
Жақсылықта әрдайым хал сұрасын.
Қуанышты хабарлар көбейсінші,
"Ақмешіт жастары" оны жаршыласын.
Қазақ деген тарихты қозғанда,
Қаламыңнан қан мен тер тамшыласын.
Өр алған сұхбатыңда сұйық сөзсіз,
Жазарың тау суындай сарқылмасын.
Ақ қайным, қоштасайық сен де аман бол,
Көңілің көкте күндей жарқылдасын.
Саналы ұрпақ өсір, ақ тілегім,
Пиялыңды бір Алпам тар қылмасын.
Қызылордам көркейіп күннен күнге,
Саянда келген қонақ салқындасын.



— Айдоc Болатбекұлы, қазір тұрғындар қандай ауру түрiмeн көп шағымданады? Оның пайда болу себептерi неде? Өңгiмeмiздi осы тақырыптан бастасқақ...

— Бiзгe көп жағдайда науқастар құлақтың, мұрынның, тамақтың қабыну процесiмeн келедi. Қабыну процесi бiрiншi кезекте адамның анатомиялық құрылымына, яғни бас сүйектiң орналасу ерекшелiктерiне тiкелей байланысты болады. Екiншi кезекте науқастың әлеуметтiк жағдайына, жеке басының гигиенасына, күтiмeне әрiк-жерiне тәуелдi, өйткенi көп кiсiлер осы себеппен уақытылы ем ала алмайды. Бақпағаныңыздай, емханаға тұрмысы орташа, төмен, өзiмiз сөздiкi кiсiлер тегiн медициналық көмекке жүрi болып келедi. Салқын тиген кезде науқастар дәриге қаражатын қимауы мүмкiн, осылайша «көп ұзамай жазылып кетерiмiн» деген оймен арада үш-төрт күн өтедi. Тек мұрын ауысып айналасында қабыну процесi асқынған кезде барып бiзге келедi. Өкiнiшке қарай, мұндай асқынған сөтте ем жүртi ұзақтату, қиындау әрi қымбатта түсетiне тағы бар. Өздерiңізге белгiлi, мұрын қуысы жоғарғы тыныс алу жолдарына жатады. Бұл жердегi қабыну процесi вирусты генездi, грибокты генездi және бактериялды болып бөлiнедi. Мұрын қуысындағы қабыну науқастардың 90-95 пайызында вирусты генездi болып басталады да, екi-үш күнде емделмесе, мұрынның жұмсақ ұтпапарында бактериялардың жедел өсуiне қолайлы орта туғызып бередi. Бұл уақытта ауру iрiндi асқынуда, жоғарғы жақ сүйек қойнауының шырышты қабаттарының қабынуына ұласады. Науқастар арасында кең таралған, өзiнiң арасында көп қолданылатын «гайморт» диагнозы осы жоғары жақ сүйегi қойнауының iшiндегi шырышты қабаттың қабынуына пайда болады. Дәл осындай балалар мен жасөспiрiмдер тор тәрiздi қойнаудың қабынуымен (этмоидит) жиi келедi. Егер баланы дер уақытында дәригерге көрсетпесе, бұл ауру асқынды, созылмалы жағдайға айналуы мүмкiн.

— Ал бұл аурудың алғашқы белгiлерi қандай? — Науқастар үнеми тамағының жыртылауына айтып, жұтыныштың қабыну жағынан үнеми жабысқақ, шырышты бөлiнгi келiп тұрады деп шағымданады. Мұрын қуысындағы жағымсыз иis, баланың мұрынмен сөйлеу, мұрынның сүйектен жиi қабынуы, көз айналасы, мұрын сүйегi ауырсынуының бәрi осы этмоидиттiң белгiлерi болып саналады. Ал көпшiлiк мұрын ауырыса болды, өзiне «гайморт» деп диагноз қойып алады. Ал мұрын ауруларының медицинада түр-түрлi диагнозы бар.

— Қазiр жинап күн суыта бастады, соның әсерiнен құлақ аурулары да көбейiп рiс. Осы арада құлақ ауруларына да тоқталып өтiнiзшi... — Ортаңғы құлақтың жiтi отитi — жиi кездесетiн ауру. Ортаңғы құлақ мұрын қуысы, жұтқыншақтың байланысы, сондықтан құлақтан мұрынға дейiн келетiн есту түптi арқылы ауа алмасып тұрады. Жалпы құлақ ауруының 90-95 пайызы мұрын-жұтқыншақ сүйектiң бұзылуынан болады. Мұрын қуысы, жұтқыншаққа қандай да бiр қабыну процесi болса, есту түптi соустығына жабылып қалады, соның әсерiнен дабыл қуысында ауа айналымы бұзылады. Құлақтың ауа жылы, барабан пердесi сыртындағы ауа салқын болған сәтте барабан қуысында терiл қысым (отрицательный давление) пайда болады. Соның әсерiнен дабыл жарғағы тартылып қалады да, ортаңғы құлақ қуысындағы барлық жұмсақ ұтпапардың сұйықтығын ортасына жинап алады. Мұны экссудативтi



отит деп атайды. Егер ауруды дер кезiнде емдемесе, құлақтағы сұйықтық жабық жерде тұрған соң iрiңге айналады, нәтижесiнде құлақта керi қысым пайда болады. Соңында ол емiзiк сүйекшесiне қарай кетедi немесе дабыл жарғағын үрлеп-үрлеп тесiп шығады. Бұл ауру ортаңғы құлақ iрiндi қабынуы, барабан пердесiнiң перфорацияланған сатысы деп аталады. Осындай асқынудан де адамдар жиi келедi себебi, науқастар құлаққа дәри қабылдағанмен мұрын қуысының қабынуына мән бермейдi. Соның әсерiнен дәрилер ешқандай оң нәтиже көрсетпейдi. Сондықтан алдымен аурудың пайда болу негiзiн анықтап алу қажет.

— Дабыл жарғағы зақымдалған жағдайда емдеуге бола ма? — Егер бiз ертерек ем тағайындап, мұрын қуысындағы, тамақтағы ауру себепiн жойсақ, дабыл пердесiнiң жазылуы тезiрек жүрiп, өзiнен-өзi бiтелiп кететiн кездерi де болады. Ал сол сәтте науқас дұрыс емделмесе, құлақтағы дабыл пердесiнiң

төменгi тыныс жолдарына (өктпе) дейiн жалғасады. — Жаз мезгiлiнде адамдар алдымен дабыл пердесiнiң зақымдалуына назар аударып, соның кезе мұрын қуысында пайда болған өзiндiк алаңдаған науқастарды да жиi көрiп жүрiмiз. Бұл ауру түрлерi неден пайда болады? Дәру уақытында қаралса, науқас құлақтан-таза жазылуы мүмкiн бе?

Айдос ТӨРЕМҰРАТОВ, оториноларинголог:

ЖАЛПЫ ҒАСЫРДА МҰРЫН ҚУЫСЫНДАҒЫ АУА АЙНАЛЫМЫН ДА КӨРУГЕ БОЛАДЫ

— Иә қарапайым тілмен мұрын қуысында естi деп айтпаймыз, ал бұл медицинада полип деп аталады. Полип — шырышты қабаттың зақымдануынан пайда болған өсiндi, яғни қатерсiз iсiк болады. Осындай көп жағдайда науқастың тынысын тарылтады, оны сылып алып тастамаған жағдайда көлемi жыл өткен сайын ұлғая түседi. Жоғарғы жақ сүйек қойнауы немесе тор тәрiздi қойнаудың қабырғасына өсiп, қысым келтiрген жағдайда көзге де керi әсерi болады. Ал аллергия — мұрын қуысындағы шырышты қабаттардың шаң-тозаң немесе белгiлi бiр аллергияға берiс реакциясынан болатын қабыну процесi. Шаң-тозаң шырышты қабат арқылы ағзаға түскеннен кейiн сол жерде аллергиялық комплекс түзiле бастайды. Сол жердегi аллергиялық қабыну әсерiнен адамдар дұрыс демала алмайды, кезiнде қызырып, жиi түшiрiп, маасызданады. Бiр себептен айтқанда мұрын қуысы айналасындағы барлық аэроэрозияға бұзылады. Адамда бiр аллергия болып ағса болса ол өмiр бойы сол күйiнде қалады, оны өзiнiң өзi айтып алмайды. Иммунология ғылымында антидененi азайтып, тоқтатып тастауын уақытша ғана емдеу бар, бiрақ түбегейлi жолды ем табуда қиың жоқ.

— Мұрын медицинада түбегейлi зерттелмеген ағза болып саналады өктен. Маман ретiнде айтыңызшы, ғылым үшiн не құпия болуы мүмкiн? Бұл пікірмен келісуге болады, себебі бұл күнде дәригер жүрегі, тіпті шағын да толыққанды зерттеп отырады көк. Өр кітапты ашқан сайын жаңа бiр жаңалықты көруге болады. Бiрақ қазiрi тұста бiз мұрынның беймәлiм құрық жiлдi деп қарайтын ХХI ғасырда аппарат көмегiмен мұрын қуысындағы ауа айналымын да көруге болады. Бөлiм бiз бiлмейтiн құпиялары да бар екендер болады, бiрақ қаншалықтар болса белгiленген болар.

— Қазiр ауру түрлерi толық анықталды дедiк, бірақ бәрiнiң емi табылды ма? Жалпы мұрын, құлақ, тамақ ауруларының қорықаратты, яғни дәри-дәрмекпен және хирургиялық жолмен емдеуге болады. Тек осы ағзалардағы обыр ауруын емдеу қиындау тұдырады, сол үшiн онколог көмегiне жүгiнiмiз. Егер бұл ауру түрiн ерте кезеңде анықтасақ, емдеуге болады деп ойлаймын.

— Балалар мен жасөспiрiмдерде бадамша бөлiсiн (аденоид) асқынуды жиi кездеседi. Оның пайда болу себепi неде? Медицинада бұл ауру түрi қалай емделедi? Бiзге осы шағынмен келулерiңізді қарасақ, көбiне мұрын қуысымен дұрыс дем ала алмайтын, соның әсерiнен ауыз арқылы көп тыныс алатын балаларда осы ауру жиi кездеседi. Мысалы, ауруын күндiздерi емделмеген кезде баланың тыныс алуы қиындайды да, аузымен дем алуға үйренiп кетедi. Бiрақ ауыз қуысындағы, тамақтағы жұтыныштың шырышты қабат дем алуға арналмаған. Сол себептi ауызға жылымаған, тазартылмаған, құрғақ ауа кiредi де, жұтқыншақтағы бездердiң шырышты қабаты шырышты қабаттан оңай өтiп кетiп, қабыну ғыздады. Сондықтан ата-аналар бадамша

бездерi (миндалины) мазалаған баласының мұрын қуысын, тамағын толық тексеру қажет. Бадамша бездерi қызмет етпейтiн жағдайда аутоиммунды аурулар туғызбас үшiн алып тастауға тырысамыз. Себебi тамақтағы бадамша безiнiң бактерияларымен курсуы үшiн иммунитет сандық тарапта бөледi. Антiдене үздiксiз,

жасатуға арнайы жолдама (квота) берiле ме? — Иә, қазiр бұл мәселе жолға қойылған. Мұрын мен тамаққа өзiмiз ота жасай беремiз, бiрақ өзiрге құлаққа ота жасауға арнайы құрылғылар жетпейдi. Сондықтан құлақ ауруына жасалатын ота үшiн Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларындағы ота ортама беремiз, өйткенi ол



көптеп бөлiне берсе жүрек, буын ауруларына әкелуi мүмкiн. — Бұл процесс ағзаға зиян емес пе? — Керiсiнше, пайдасы зиянның артығырақ десе де болады. Өйткенi көп науқаста болашақта болуы мүмкiн аутоиммунды аурудың алдын алуы. Балалардың бадамша бездерi үлкен көлемде болса иммунитет жүйеде жұмыс iстеп жүрiп, ауруларға берiс болуы мүмкiн.



жақта мықты профессорлар құрамы бар, олар бiр-бiрiмен ақылдасып отырып, ғылыми жұмыстар жүргiзедi. Мәңшiше уақыт өте келе өзiге көп құлаққа ота жасауға болады. Анта кетейiн, құлаққа жасалған отадан кейiн науқас толықтай жазылады, бiрақ көп жағдайда есту қабiлетi дәл бастапқы калпындағдай болмайды, яғни қалыс естидi. — Covid-19 инфекциясы кезiнде тыныс жолдарының бұзылуы басты мәселеге айналады. Жалпы вирус дем, иis сезу қабiлетiне қалай әсер етедi? — Covid-19 инфекциясы — қадiмгi тұмауға ұқсас вирус. Тұмау бадамша қалай әсер етсе, ковидтың ықпалы да осыған пара-пар. Тұмау, ковид кезiнде де иis, дем сезудiң бұзылуы әсер ете бiредi. Басты өзiсi — бiр бадамша 10-15 есе кiшi болған соң, өтiрiлгiмен шырышты қабаттан өтiп, жүйке жүйесiн уақытша зақымдайды. Оған жетпей қалғанын өзiнде айналасында қабыну процесi туғызып, жүйке жүйесiне шығатын бөлiктiң қысылып қалуына әкеледi. Қабынудың әсерiнен мұрын қуысындағы жүйке жүйесi қызметi нашарлап, иis сезу бұзылысы пайда болады. Қарыған жердегi иis сезу нервенi қан дұрыс бармаған соң, қоректенi бұзылады да, иis сезу деңгейi төмендей бастайды. Науқас ұзақ уақыт дұрыс емделмесе мұрын қуысындағы жүйке жүйесi ағырын жұмысын тоқтата бередi. Содан кейiн өмiр бойы мүлдем иis сезу себепi қалып мүмкiн. Тәжiрiбеде бақпағаныңыздай, науқастар арасында мұндай жағдай да кездеседi.

Ауырған кезде себi болар деген үлкен қауіп емес, қолданатын саттер болады. Әсіресе суық тиген кезде тамақты, мұрынды түзбен шаю әдетке айналады. Бұл қорғаныш күшін артқырады. Мұрын қуысынан да дағдай жағдайында жоғарғы тыныс жолдарын қалай емдеп, күтiнуге кеңес бересiз? — Тамақ немесе мұрын салдырған кезде жылы сумен, шақ жейтiн өкпе (ромашка) шөптерiмен тамақты жиi-жиi шайлап отыру керек. Олар антисептикалық әсер берiп, шырышты қабаттың қорғаныш күшiн артқырады. Мұрын қуысынан да дағдай күнiне 2-3 мөрте 0,9 пайыздық натрий хлоридi ерiтiлiмiнен мен шайлап отырсаңыз, шырышты қабат қалпыты жұмыс iстейдi. Ал тұдын жақын арада зияны да бар. Көп мөлшерде қолданған тұдыс су қауiптi, өйткенi судың құрамындағы тұз концентрациясының мөлшерiн бiлмеген соң, шырышты қабатты күйдiруге немесе құрғатуы мүмкiн. Сондықтан қандай да бiр ем қолданбас бұрын дәригердiң кеңесiн алған жөн.

— Сұбақта келмес бұрын әлеуметтiк жағдайымыз аулушылардың сiз жалпы жазған жылы пікірiн, алғысын жиi байқадық. Сондықтан сөз соңында бұл салаға қалай келгiнiңiз жөнiнде де айтып өтсiнiз... — Пор саласындағы оталардың жасалу iстiсiне, емдеу жолына ерекше ден қойып, қызыққан соң 2016 жылы Алматыға оқуға тартылдым. Оған дейiн инфекцияционист маман ретiнде Жалапау ауданында жұмыс iстедiм. Үш жыл уақыт iшiнде Алматыдағы №5 мемлекеттiк ауруханашарында жұмыс iстейтiн бiлiмдi бiлiмдi шындып, оған тыныс профессорлармен бiрге жасай бастадым. Кейiн қайта туған жерге келiп, бүгiнде емделушылерге қызмет көрсетудемiн.

— Сұбақтасқаныңызға рақмет! — Өңгiмелескен Гүлдана ЖҰМАДИНОВА Суреттердi түсiрген Нұрболат Нұржаубай



САТИРА САҢЛАҒЫ – 75 ЖАСТА!

Биыл Сыр өңіріне белгілі сұңғыла сатирик, ақтангер ақын Қазыбек Әшірбекұлы 75 жасқа толды. Ақынның мерейтойына орай «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің рухани кездесу өтті.

Басқосуда облыстық мәслихат депутаты, ҚР Журналистер Одағының аймақтық филиалының төрағасы Аманжол Оңғарбаев мерейтой иесіне облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың арнайы құттықтауын табыстады. «Құрметті Қазыбек Әшірбекұлы! Сізді мерейлі 75 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын! 20 жылдан астам уақыт Қызылорда облысында ішкі істер саласында жауапты қызметтер атқарып, қоғам тыныштығын сақтауға елеулі үлес қостыңыз. Құлық қорғаушы ретінде абыройлы еңбек етіп қана қоймай, қаламгерлік қырыңызды да халыққа таныта білдіңіз. Өзіл-оспақ, сын-сықақ материалдарыңыз республикалық «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Халық», облыстық «Сыр бойы» газеттерінде, «Ара», «Өлімсақ» журналдарында және басқа да басылымдарда үзбей жарық көріп тұрды. Көз майыңызды тауысып жазған «Күлі керуен», «Жебе», «Сұт пен жұрт» кітаптарыңыз бүгінде оқырманның олжасына айналды. Еңбегіңіз елеңіп, талай марапатқа ие болдыңыз. Сыр өңірінің саяси-қоғамдық өміріне де белсене араласып келесіз. Сізді осынау мерейлі жасыңызбен құттықтай отырып, зор денсаулық, мол бақыт, шығармашылық шабыт, отбасыңызға құт-береке тілейміз!» делінген алғыс Хатта.

Аймақ басшысының марапатына қаламгерлер қауымы да алғыс білдірді. Аманжол Сақшылы қаламгер шығармашылығындағы салмақты ой мен ұтымды пірлерге тоқталып, дәстүрге сай шапаң жапты. Жынында ардагер журналист, облыстық «Сыр бойы» газетінің аға тілшісі Жолдасбек Ақсақалов мерейтой иесі Қазыбек Әшірбекұлының шығармашылық жұры талпы естелікпен беліссе, «Сыр медиа» ЖШС Ақдагерлер кеңесінің төрағасы Кенжалы Ермібет ақынға ақжолтай тілегін білдірді.

Қазыбек Әшірбекұлы – аймақтағы алғашқы тәуелсіз басылым «Ақмешт апталығы» газетінде қызмет атқарған кезінде де өмірдің көпкеңесі мен күнгейін көкөйге түсіп, кемшілікті қалам қуатымен қағаз бетінде сынап, көпшілікке ой тастаған қаламгер. Өз кезегінде қаламгер облыс әкімінің арнайы марапаты мен шығармашылық ұжым ықыласына алғыс білдірді. Сақшылық қызмет пен сатиралық өнерді қатар алып жүрген қаламгермен біз де орайын тауып әңгімелескен едік.



Кенес уақытында достарымен қалжыңдаспаған салмақты сатирик қоғамдық мәселелер қағаздың алдына келгенде шабытымды оятады дейді. Қаламның құдіретін сезінген сатирик бүгінгі қоғамға орынды сын қажет деген ойларымен бөлісті.

– Сатира – сын. «Сын түзелмей мін түзелмейді» деп орынды айтылған. «Жауырды жаба тоқыған» алысқа бермейді. «Ауруын жасырған өледі». Біз зайырлы, демократиялы елміз. Мәселені ашық айтуымыз керек. Сатира жанры – бір келенсіз жайтты көргенде түртіп, көңіліңді оятып қасиет. Біздің уақытта сатира әділ, таза, шынайы, ақиқат болатын. Кеңестік уақытта бүкіл одаққа тарайтын Мәскеуден «Крокодил» деген, республикада «Ара» журналы шығатын. Сол журналдарға шыққан шеуеніңер ертеңге қызу тапқыға түсіп, төртбі жиналыста қаралатын. Сөз алып, орнынан босап қалып жататын. «Ара» журналына шықпаса үшін аяқтарын аңдап баратын. Өрбір облыстық газеттерде әзіл-сықақ бұрышы болатын. Қазір мұндай айдары бар газет жоқтың қасы. Сын айтылуы керек. Сын айтылмай қоғам да, билік те түзелмейді. Астарлап жазсақ та ұғынып, өзін тапқан адамдар өкпелеп қалатын шығар. Бірақ маған ешкім ренішін білдірмеді. Сын, сықақ жазатын адам қоғамдық мәселелерге тек сырттай қарағанды ұнатады. Қаламның күшімен көрген мәселені астарлап сынап отырамыз. Естігенді емес, көзіңмен көріп, қолыңмен ұстаған кемшілікті жазу керек. Бір адамның мүддесіне емес, бүкіл қоғамға кесірі тиіп жатқан мәселені көтеру керек. Отыз бес жыл болды сатира жазып жүргеніме. Менің жас күнімде сірен болса да жемқорлық, парақорлық, алаяқтық деген болатын. Қазір жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кетті. Өзекті тақырыпты

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ, сатирик:

СЫН АЙТЫЛМАЙ ҚОҒАМ ДА, БИЛІК ТЕ ТҮЗЕЛМЕЙДІ

тамырымен жоюға сатира септігін тигізер еді. Мені сырттан көргендер «мына адамнан сатира шыға ма» деп айтады. Мен достардың, көрші-қолан, туыстың арасында әзіл айтып, біреумен қалжыңдасқан адам емеспін. Ал қағазға отырғанда басқа ой келеді. Қаламның құдіреті шығар. Өзіл-сықақ театрларының жұмысын жандандыру керек. Олар соқырға тапқ ұстатқандай анық айтады, – дейді Қазыбек Әшірбекұлы.

«Жастар үлкендерге құлақ түрі керек» деген ардагер жазушы өтірік айтуға шақырды. – Өтірік айта бер. Араздасқандарды қосу үшін өтірік айтуға болмай екен деп жүр. Мүлде дұрыс емес. «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам». Сондықтан ата-бабамыздың ұлағатына сүйенген дұрыс. «Ажыраспақ болып соқта жүтінген жастарға ардагерлер кеңес берсе қолдайсыз ба?» дейсіз, әрине құптарлық. Себебі өмірде көргені, түйгені мол, ұлағатты, тәрбиелі адамдар басу айтқаны жөн. Сол үкімінен соң өкілің жатпаса үшін жастар сабырға келіп, құлақ түреді деп ойлаймын.

Қазір кітап оқыма – қоғамның басты мәселесі. Сатирик кітапты оқымай жүру мүмкін емесін айтады. – Кітап оқымай жүруге бола ма? Бір жетіде бір кітап оқымасак өзімізді біртүрлі кем адамдай сезінеміз. Кітап – менің ұстамым, газет-журнал – бағыт-бағдарым. Асқар Тоқмағанбетовтың шығармашылық дүниесіне жаным жақын. Шона Смаханұлы бір шумақпен немес екі қатарға үлкен кемшілікті сыйғызатын. Бұл – үлкен шеберлік. Қазір жастар бар сатира жазатын. Бірақ қолдау жоқ, – дейді сатирик.

Гүлбану МАҚАЖАН, суреттерді түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ

«ИТТІҢ ТҮРЛЕРІ»

Артрит пен гастрит,
Дерматит пен гепатит.
Простатит, доданит,
Менингит пен бронхит.
Тізе берсек таусылмас,
Тағы басқа бұрапты ит...
Айтса берсем тек итті
Атауға болар көп итті,
Көктем келіп қабатын,
Көрмедік бұрын COVID-ті.
Көктем жерге түсіп тек,

Кетеді екен күшікпел...
Аптапта күйіп өлмейді,
Аязда кетпес үсіп тек.
Жұлынып шығып ауадан,
Болды оған «жау» адам...
Қадапса тісі кісіге,
Қалпақтай ұшар сау адам.
Ала-құла жімі,
Адаммен жаман «өзілі».
Көркісі осы кеселге,
Кім кітпеген «тәжіні»?

Ашылып тұрса араны,
Асқынты алмай жараны,
Орындап жүрген жөн болар,
Сондықтан сақтық шараны!
Айтпақшы,
Тал түсте жүріп тек «ит»-ке,
Таланбау үшін көп итте,
Өлем боп емін іздеуде...
Құтырған осы COVID-ке.

«ӨМІРДІҢ ӨЗІ – ТЕАТР»

Өмірдің өзі – ТЕАТР.
Өртүрлі онда «өртіс» бар...
Күлкіні сөл-пәл тия тұр,
Сан алуан түрлі тартыс бар...
«Сахнада» сайрандап,
Алаяқ жүр ән салып...

Озбырлар жүр ойрандап,
Танғалама еш тамсанып,
Қой терісін жамылған,
Қасыр көрсен, «бай бол!»
Талайға бұрын танылған,
Тал түсте бірден талайды ол...
Кенеліп жүрген күлкіге,

Толып кетті түлі де...
Айласа алданып,
«Түсіп» қалма түлігіе!
Өмірдің өзі – театр,
Сабаңа әзір оя тұр,
Тыйым болар бұған да,
Тағатынды тия тұр.

«АЛЫСТАН» ОҚУҒА АЛАНДАУШЫЛЫҚ

Әдіс көп екен әр талай,
Батыста бұлар бар талай...
Дайындысыз ал бізде,
Ақыры мұның әрқалай...
«Жаналық» іске таң талай,
Сауалдар көп сан талай...
«Көксандықтан» берілген,

Бола ма білім, қалқам-ай?!
Белгілен бір сағатты,
Сыныпта ұстаз сабақты,
Беруші еді шаршамай...
Отырып сабақ оқуға,
Білмеді бағыа тоқуға,
Бола ма диван партадай?!

АҒАЙЫНДЫЛАРҒА АШЫҚ ХАТ

Парабай-ау, Парабай!
Беруге жәрдем жарамай,
Өзі қасқа кедейдің,
Қалтасын «қақта» қарамай!
Парабек-ау, Парабек!
Пығлың алу пара тек...
Бөйшара-ау, екі дүниеде,
Болмасайшы қарабет!
Парақұл-ау, Парақұл!
Болмақсың ба дара құл?!
«Алсам, алсам, алсам!» – деп,
Құлқыңа болма қара құл!

Паратай-ау, Паратай!
Пайдаға да жарасай,
Жарлығың да жаным-ау,
Жағдайына қарасай!
Сөйтсей!

Пәлен жыл бұрын әлепкі,
Қойсандары әдетті!
«Бер, бер, берсей!» дей бермей,
Болсандаршы әдетті!

АЛҚАШТЫҢ АРМАНЫ

Ас алуға ақша жоқ,
Арақа бар, асқа жоқ,
Азған аяққим мен
Алдыруға шашқа жоқ,
Ағармай-ақ азайған,
Алдыратын шаш та жоқ,
Бір жыл емес,
Бір күнгі,
Болашағын болжайтын,

Бейшарада бас та жоқ,
Бар арманы – ішімдік...
Басында оның басқа жоқ,
Жүрісіне жабығар,
Жанарында жас та жоқ,
Сор маңдайы тиетін,
Сорлығы әзір тас та жоқ,
Иә, көлің...

АРАҚҚҰМАРДЫҢ АҚЫРЫ

Бір күн ішсен,
«Базарсың...»
Айлап ішсең,
Азарсың...
Өн бойы өтсен өзгермей,
Өз көріңді мазарың,
Жапандағы күлпіңен,
Жалғыз тұрған мазарың.

АЙТА-АЙТА...

Асырып айттың демелік,
Бірткі шегіп елерің...
«Кереметің» көнелің...
Тозағандарға теңелің...
Жүргендердің жағдайың,
Келешекте көрелік.
Айтқан тілді алмаса,
«Қызығына» қанбаса...
Осы жолдан танбаса...

Теріс жолды таңдаса...
Заң да емес,
Басқа емес,
Дос та емес,
Қас та емес,
Денсаулығы соларға –
Берері анық «төрелік».
Көрелік!

ҚОШҚАРЛАР МЕН ТЕКЕЛЕР

Алуан түрлі ҚОШҚАР бар,
Арасында достар бар.
Орасан зор орысқа,
Мүйізді де жосар бар...
Ол құпия!
Тіке мүйізді ТЕКЕ бар,
Шыңдалған онда шеке бар.
Алды-артын абайлап,
Жем беруге жеке бар!
Әйтпесе...

Мысалдай мысалдар

Таро-турс...
Қарша бораған қарғыс...
Белгілі бар...
Айтты деме қайдағы істі,
Бәрі тұрмысқа байланысты.
Екі ағзаның ерекшелігі
Тыныстап біраз төсетке,
Түн – тынығу десек те,
Тынықпайтын күн-түн,
Тек жүрек пен қос өкпе...

ЖЕМҚОРДЫҢ ЖӨН ҰҚҚАНЫ!

Жемқорлық іңдет шыққалы,
Болды бұл да жұқпалы...
Қауіпті боп тұр қоғамға,
Қаржыға қол сұққаны...
Тіптігімен солардың...
«Табылмай» қойды тыққаны.
Арасында баршылық,
Шетел асып ыққаны...
Мырғай болып әлі жоқ,
«Мүйізін» шыққаны.
Жаппы жұртпен ойнамай,
Жеке басын ойнамай,
Алтын тойын тойлаймай,
Халықтың да жағдайын,
Жемқордың жөн ұққаны!
Өй, бірақ...

ИТТЕРДІҢ ҚЫЛЫҒЫ

Мүлде жұрдай санадан,
Өздерін өзге санаған...
Тойынып алған төбеттер,
Қудай-ау, болған қабатан...
Жытып олар иесін,
Тал түсте оны талаған...

ТҰРМЫСТЫҢ ТҮТКІЛДЕР

Отбасында – сылдыр,
Салдыр-гүлдір...
Айғай-уйқай,
Бүлдір-шүлдір...
Шәң-шәң...
Сыңыр...
Шарт-шұрт...

«Өнерді үйрен де жирен»

МӘТЕП

Тірілкен түрлі қабаттас,
Өнерге үлгі қалап тас!
Өмір барда өнер бар,
Өнер мен өмір сабақтас...
Домбыра, гармон, гитарда,
Ойнауды етпег үйрендім...
Өнерден артық сый бар ма?

Келмеді одан жиренгім,
Балалайқа, мандолға,
Ойнадым алып оң қолға...
Приманы да шерттім,
Түспедім бірақ ол жолға.
Домбыра – ділі жұртымның,
Домбыра – тілі ұлтымның...
Соныңда маған сол қалды,
Сергіім болып бұл күннің...
Аса бай дастан мол мұра –
Атадан қалған домбыра.
Соңғы кезде сенімді,
Сырласым болды сол мұра...

ҚАЛАЙ БІЛУГЕ БОЛАДЫ?

Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің,
Ағайынның қадірін жалпалы болғанда білерсің.
Халық даналығы

Жемістің жақсы болуы – ағашыңан,
Жігіттің жақсы болуы – нағашыдан,
Інінің жақсы болуы – ағасынан,
Заттың жақсы болуы – бағасынан.
Алаяқты алдауынан танысың,
Білімдіні талдауынан танысың,
Талантыны сәмғауынан танысың,
Талғампазды таңдауынан танысың.
Коррупционерді – былғығынан,
Қызды – қылығынан,
Қазекенді – шылығынан,
Тұлпарды тұлғуынан білуге болады.
Барды – иіген бөзнен,
Кісіні – сөйлеген сөзінен,
Төрттігі – темірдей тезінен,
Тұрақсызды ойнақшыған көзінен білуге болады.
Жылпосты – жылпыңынан,
Жағымпазды – қылдығынан,
Қорқауды – құлпыңынан,
Пасықты құлпыңан білуге болады.
Көсемді – айтқан ақылынан,
Шешенді айтқан нақылынан білуге болады.
Тілдесе қалсаң кісімен,
Түнілме еш түсінен,
Көп көшілпей білерсің,
Сөзі менен ісінен.



Гүлжан ЖАНСУЙРОВА

Гүлжан Орынбасарқызы, талапкер неге «Абылай хан» атындағы жоғары колледждің таңдау керек? Қысқаша айтып берсеңіз...

Себебі біз заман сұранысына сай, жан-жақты қалыптасқан, бәсекеге қабілетті маман дайындаймыз. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары көп, ал солардың ішінде дүрыс таңдау жасау үшін міндетті түрде ол оқу орнының білімі мен білігі назарға алынады. Биылғы оқу жылында талапкер қабылдаудың структурасы жылдағыдан өзгеше болды. Талапкерді оқуға қабылдау - College SmartNation техникалық және кәсіптік білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді алуға арналған бірінші портал арқыты жүзеге асырылды. Бір талапкер бірнеше оқу орнының конкурсына қатысуға мүмкіндік алды. Демек, оқу орнының арасында нағыз бәсекеlestік туы. Бұл әдіс оқу орнының арасындағы рейтингке тікелей әсер етті. 2021-2022 оқу жылында мемлекеттік грант және ақыты негізде 200 білім алушы «Абылай хан» атындағы жоғары колледждің таңдады. Бұл осыған дейін жасалған еңбек пен білім саласына салынған сара жолдың дүрыс бағыты екендігінің дәлелі. Жоғары колледжде материалдық-техникалық база, білікті оқытушылар және икемді, ұтыр, білімді студенттер бар.

«Абылай хан» атындағы жоғары колледж өзінің 20 жылдық мерейтойын атап өтеді. Бәрі қалай басталды?

«Абылай хан» атындағы жоғары колледждің негізін қалаушы марқам ардақты ұстаз, экономика ғылымдарының докторы Шәрбан Дәкішқызы Баязитова. Ұстазты ұстаз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында барлық қиындықты еңсеріп, «Сейхун» институтының негізін қалады. Жас ұрпақ болашағы үшін қиындыққа қажымай еңбек етті. Осылайша аймақтың білім саласының дамуына үлесіңіз ұлес қоры. Ұстаздың ұстаздың ізін сарай ғылымдар кандидаты білікті ұстаз, қоғам белсендісі Руслан Қахкенбетұлы жалғастырды. Бұл кісілер - маман даярлау ісіне өмірін арнаған, білім сәулесін қоршаған ортасына шашып, тынымсыз еңбек еткен біздің құрметті ағайындарымыз. Колледждің сапалы дамуына 20 жылдың ішінде 300 млн-нан астам инвестиция құйылған төрт қабатты оқу ғимараты креативті үлгіде жабдықталып, халықаралық үлгідегі спорт кешені салынды.

Колледждің бүгінгі тыныс-тіршілігі... Біз колледж студенттерінің жетістігін айтып марқамыз. Студент Аружан Олайдына «Zhas Project» жобасына қатысып, «Қазан» нарыштағы «Брейн» жобасы бойынша 1 000 000 теңге ұтып алды. Бұл - жанаушы білім беретін оқу орнының жемісті жұмысының нәтижесі. Ал, «Төтенше жағдайда қорғау» мамандығының студенттері Беларусь, Азербайжан республикаларында өткен халықаралық сайыста жүлде ІІ және ІІІ орынды иеленді. Сонымен қатар «WorldSkills Kazakhstan-2019» ұлттық чемпионатында колледж студенті Ернур Баймағамбетов V республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында «Үздік маман» атанды.

2021 жылы Тараз қаласында өткізілген «Нео-Фольклор» стилінде сән дизайнерлерінің I Ұлттық халықаралық байқауында колледж студенті Айнаш Рашидт ұздіктер қатарынан көрінді. Еліміздің жас жеткіншектері оқытып, тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етіп, білім саласын дамытуда үлес қосып келеміз. «Абылай хан» колледжінен түлеп ұшқан түлектер, бүгінде өз кәсібінің мықты мамандары атанып, еліміздің түлік-түліктерінде қызмет атқарады.

Гүлжан ЖАНСУЙРОВА, «Абылай хан» атындағы жоғары колледждің атқарушы директоры:

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖҰМЫС ТАБУУЫНА ЖӨРДЕМДЕСЕМІЗ



Шәрбан Дәкішқызы БАЯЗИТОВА

Был қанша талапкер қабылдадыңыздар?

Былғы оқу жылында 200 студент мемлекеттік бағдарлама негізінде грант және ақыты берілген оқуға қабылданды. Оқу орнында озық үлгідегі техникалық және технологиялық мамандықтарға басымдық берілген. Жоғары колледжде сапалық технологияларды меңгертумен қатар, алдыңғы қатарлы менеджмент, экономика, коммуникативтік дағдылар, тереңдетілген ағылшын тілімен бірге 12 мамандық, 21 біліктілік бойынша мамандар дайындайды. Замана көш алға озған сайын ғылым мен білімге деген талап күн санап өсіп келеді. Техникалық құндылықтар үстемдік құрған кезеңде көш ілгері жүру - өмірлік қажеттілік. Осы бағытта бүгінгі уақыттың тамырын талп басып, еңбек нарығындағы нақты талаптарға жауап бере алатын мамандар қажет. Білім ордасы құрылған күнінен бастап-ақ, сапалы білім беру мен ғылымның жарқын үлгісі, кәсіби білікті ғылыми және педагогикалық дамудың бастау көзі болды.

Жан-жақты дамыған, кәсіби тұрғыда жетілген, заман талабына сай маман даярлау ең басты мақсат. Бітіріп шыққан маман қоғамға араласып, халықпен жұмыс жасау үшін оның бойында адамгершілік, жауапкершілік,

ұстамдылық, сабырлық секілді қасиеттер болу керек. Білім мен қатар адами қасиеттерді бойына сіңіріп шыққан маман ортаға тез бейімделіп, «жақсы маман» деген атақ лайық бола алады. Түлектеріміздің бойына адами қасиеттерді сіңіру, жақсы мен жаманды ажырата алатындай жасампаз, ойы ұтыр, өзіндік пікір тұлға болып қалыптасуына ықпал жасау міндетіміз.

Жұмысқа орналасуға кепілдік бересіздер ме? Түлектердің жұмысқа орналасуы маңызды. Сондықтан «Жұмыспен қамту және кәсіптік бағдар беру» бөлімі түлектермен тығыз байланыс орнатады. Жыл көлемінде бітіруші түлектермен жан-жақты жұмыстар жүргізіліп, мамандықтарына сәйкес өзгелетек өзге облыстық, қалалық жұмыспен қамту орталықтарымен бірлескен кездесулер, түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Тұрақты жұмыс табуға жәрдемдесу, еңбек нарығында орын алатын жұмыстар туралы ақпараттар беріп отыру, жалпы білім беретін мектептер, мектептен тыс мекемелер, ұйымдар кәсіпорындар және басқа да жұмыс берушілермен серіктестік орнатылған. Біздің түлектер мамандықтарына сәйкес, жан-жақты жұмыс істей алады, себебі білім ордасында нарыққа қажетті мамандықтар оқытылады.

Осының дәлелі биылғы түлектеріміздің 87,5 пайызы жұмысқа орналасты.

Оқуды жалғастыруға мүмкіндік бар ма? Абылай хан колледжінің түлектері үшін қандай жоғары оқу орындарының есігі ашық?

Әрине, мүмкіндік бар. Жоғары сәйкес жыл көлемінде түлектермен жұмыстар жүргізіледі, түрлі жоғары оқу орындарының кәсіби бағыт-бағдары бойынша мамандармен таныстырып, кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады. Ұлттық бірінші тестілеуге баратын білім алушыларымызбен жыл бойы колледж ішінен арнайы белгітелген оқытушылар құрамы жұмыс жасап, бітірушілерді тестке дайындайды. Нәтижесінде колледж түлектерінің жылда 65 пайызы жоғары оқу орнына түседі. 50 пайызы мемлекеттік грант иесі болып, 50 пайызы студенттер бос уақытын қалай өткізеді?

Студенттердің бос уақытын ұйымдастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Колледж аумағында спорттық кешен мен атлетикалық орталық бар, мұнда студенттер мини-футбол, баскетбол, волейбол, жартасқа өрмелеу және т.б. спорттық ойын түрлерімен айналыса алады. Сонымен қатар оқу орнымызда интеллектуалды даму, ғылыми-зерттеу қызметі, шығармашылық, ойын-сауық, мәдениет, өнер және спорт салаларын қамтитын студенттік ұйымдар мен клубтар жұмыс істейді. Бұл студенттің бос уақытын тиімді пайдалануына жол ашады. Сонымен бірге студент бірінші курста қабылданған сәттен бастап, мамандықтарына сәйкес белгітелген қызыреттер бойынша білігін шыңдап, жан-жақты даму сатысынан өтеді. Атап айтсақ, колледжде «Гимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану» мамандығы бойынша «Autocad», «Интерьер дизайн», «Құрылыс және әрлеу жұмыстары», «ABC смета», «Бағалау/Оценка», «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша «Фитнес-нұсқаушы», «Спорт психологы», «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша «Пішу және тігу», «Декорациялық жұмыс», «Тереңдік дизайн жасау және тігу», «Scrapbooking/handmade», т.б. бойынша біліктілік шыңдап, колледж ішінен құрылған «Біліктілік арттыру орталығынан» сертификат алады. Бұл студенттеріміздің жан-жақты сұранысқа сәйкес жұмыспен қамтылуына мүмкіндік береді. Қазіргі кезде жастардың кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесі өзекті болып отыр. Себебі соңғы жылдары адамның жеке қабілеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кәсіптер жиынтығы өдүріп өсті. Адамның еңбек қызметіне қойылатын талаптар да арта түсті. Оқу орнымыз сол талаптардың барлығын ескеріп, нәтижелі жұмыс жасауға көңіл бөледі.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДЕРІ АЙТСЫН...

Айнаш РАШИД, «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығының 4 курс студенті:

Осы колледжде түскенім өкінікпеймін. Мамандыққа сай практикалық сабақтар да өте қызықты өтеді. Оқытушылар бізді шабыттандырып отыратын өз ісін шөберлер. «Жеті рет өлшен бір рет кес» деп жиялының жүзеге асырылуда кәсіп береді. Өз мамандығы бойынша республикалық «Нео-Фольклор» стиліндегі сән дизайнерлерінің I ұлттық байқауына қатыстым. «WorldSkills Kazakhstan - 2021» облыстық іріктеу байқауында да жеңімпаз болды. Қазір төменгі курс студенттеріне шеберлік сағаттары өткізіп, тәжірибеммен бөлісіп жүрмін. Сабақтан қолымыз босаса, аханада дәстірмен тамақтананп, спорт залға барып сайыстарды тамашалаймыз.



Мұрағат ҚОСНАЗАРОВ, «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының 4 курс студенті:

Бала күні армандарым орындалуда. Мамандығым өзіме қатты ұнайды. «Робототехника», «3D модельдеу» бағыты бойынша түрлі жобаларға, кәсіби сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүрміз. Қазір өзгелетек үйренгенімді бөлісіп, үйіме жұмысым жандандырып жүрмін. Колледжде жастардың заманауи білім алуына барлық жағдай бар. Болашақта еліміздің дамуына үлес қосар үлкен азамат болып қалыптасқым келеді.



Гүлбан МАҚАЖАН

Маман мінбері

ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР



Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі - білікті кадрлар қалыптастыратын, еліміздің ғылыми өлеуетін дамытатын орта. Кейінгі жылдары елімізде білім беру сапасын арттыруға бағытталған реформалар кезек кезеңімен жүзеге асырылуда.

Бүгінде көптеген жағарт философия докторы дәрежесін алуды мақсат етеді. Себебі, PhD дәрежесі ер түрлі саладағы адамдар үшін төрөңдетілген білімді игеруге, жаңа дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Кәсіби қабілеті мықты, потенциалы жоғары үздік маманды жұмыс берушілер де өреше бағалайтыны рас. Дегенмен, PhD дәрежесіне апаратын жол күрделі, біліммен қатар мол ізденісті қажет етеді.

Елімізде 2021 жылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түсу ережелеріне өзгерту енгізіліп, алғаш рет қабылдау емтиханы тестілеу орталықтары базасында электрондық форматта өткізіледі. Бұл формат өткен жылы магистратура деңгейінде сынақтан өткен болатын. Ерекшелігі, түсу емтихандары тек тестілеу форматында өткен жоқ, болашақ докторанттар жоғары оқу орындарына белгітелген тақырыптар бойынша эссе жазды және бейнәлі пәндер бойынша емтихан сұрақтарына жауап берді. Қабылдау емтиханының қорытынды бағасы эссе бағалау, докторантурада оқуға дайындық тесті және бейнәлі емтихандардың нәтижелерін жинақтау арқылы

алынған балдардың жиынтығы негізінде бағаланды. Докторантураға магистр дәрежесі және кезінде тоғыз ай жұмыс етіліп бар тұлғалар қабылдана алады. Докторантураның білім беру бағдарламаларына түсу үшін шет тілін меңгергенін растайтын сертификаттың болуы міндетті. Сонымен қатар докторантура үшін IELTS, IELTS INDICATOR кезінде - 5,5 балл, TOEFL ITP - 460, TOEFL IBT - 46, TOEFL PBT - 453 балдық сертификаттары қолданылады. Айта кету керек, Duolingo English Test сертификаты докторантураға түсу кезінде шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттар тізімінен алынып тасталды.

Жұырда ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов жоғары оқу орнындағы қауымдастығы мен Рәкторлар кеңесі Тамыз кенесінің отырысындағы ұсыныстар негізінде магистратура мен докторантураға қабылдау ережелеріне өзгерістер енгізіледі тұлға хабарлады. Атап айтсақ, магистратура мен докторантураға қабылдау жылына екі рет өткізілетін, яғни, дәстүрлі түрде тамыз айында және қосымша желтоқсан айында түсу емтихандары ұйымдастырылады. Құжаттар тапсыру барысында қажетті сертификаттарды алуға үлгермеген азаматтар үшін бұл өте жақсы жаңалық болғалы тұр. Жалпы түсу емтиханының ең жоғары бағасы 100 балды құрайды.

Оның ішінде эссе бағасы - 20 балл, докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест - 30 балл, бейнәлі бойынша емтихан сұрақтарының бағасы - 50 балл. Түсу емтиханына барлығы 4 сағат бөлінеді. Докторантураға грантка түсу үшін өту шеті 75 балл екенін білту маңызды. Ақылы негізде оқуға түсу үшін шекті балл - 50 балл. Қорытынды қадам - қатысушылардың жеке кабинетіне жіберілетін түсу емтихандарының нәтижелерін жариялау. Сондай-ақ тестілеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда онлайн-апелляция өтізу рәсімі қамтамасыз етіледі. Айта кетерлігі, тестілеу аяқталғаннан кейін бір күн ішінде оқуға түсуші

апелляция өтініш берме алады. Бұдан әрі аталған ЖОО сайтында докторантура бағдарламасы бойынша грант иеленген жеңімпаздар анықталады. Биыл университетте докторантураға тапсырған 24 үміткердің 11-і грант негізінде 7 білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қабылданды. Емтихандар әділ және ашық өткізілді. Осылайша академиялық адалдықты сақтай отырып, докторантураға түсушілердің білім деңгейін бағалауға әділдігін қамтамасыз етуге қол жеткізе алады.

НА.САҚТАРБАЕВА
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімінің басшысы, философия докторы (PhD)



Литвада өтіп жатқан Әлем чемпионатының ең таңдаулы ойыншыларының бірі – Дуглас Жуниор. Ол ширек финалда өтетін Қазақстан мен Иран ойынын талқылап, футболдан әлемнің үздік ойыншыларына тоқталады.

2019 жылы түсірілген «Кек алушылар: Финал» атты тамаша фильмнің басты кейіпкері Темір адам болды. Туынды бірнеше рекордты жаңартып, «Титаник» фильмін басып озып, тарихта ең табысты фильм атанды.

«Темір адам» тағы да көк ғаламшарға қауіп төндіретін 2021 жылғы сценарийдің басты кейіпкеріне айналды. Алайда бұл жолы басты кейіпкердің рөлін Роберт Дауни

емес, Дуглас сомдайды. Өтетін жері Pinewood Atlanta студиясы емес, Литваның алаңдары. Бас жүлде театр кассасының жиыны емес, футболдан Әлем чемпионатының кубогы.

Литвада футболдан Қазақстан құрамасы сенсацияға тап болды. Қақадан тәлім алатын құрама ширек финалда Иран құрамасын 3-2 есебімен қапы қалдырып, жартылай финалға жолдама алды. Құраманың жарқын жеңісіне үлес қосқан ең таңдаулы ойыншының бірі – Дуглас Жуниор дүбірлі доданың қызықты сәті мен Қазақстан құрамасы туралы әңгімелеп берді.



ДУГЛАС: ФИНАЛДА БРАЗИЛИЯМЕН КЕЗДЕСУ АРМАНЫМ

– Жартылай финалға жету Қазақстан құрамасы үшін керемет нәтиже. Бақытты шығарсыз?

– Біздің қуанышымызда шек жоқ. Плей-оффтың әр ойыны қиын. Осал құрама жоқ. Мысалы, Жапония құрамасы Бразилияға лайықты қарсылық көрсетті. Ресей үшін Вьетнаммен ойын оңай болмады. Көршілес Өзбекстан құрамасы да таңғайтып ойын өрнегін көрсетті. Финалға жақындаған сайын матчтар қиындай түседі. Ширек финалда Иран құрамасымен өте тартысты ойын болды. Алғашқы таймда 2-0 есебімен жеңілдік. Бірақ сағымыз сынбай соңына дейін төтеп бердік.

Соның арқасында 3-2 есебімен басым түстік. Колумбияда өткен әлем чемпионатында 1/8 финалға шықтық. Біздің басты міндеттеріміздің бірі осы көрсеткішті жаңарту болды. Бұл мақсатты орындадық. Енді жаңа міндетті алға қоямыз.

– Алда Португалия. Қарсылас туралы не ойлайсыз?

– Португалия әлемнің үздік құрамаларының бірі екенін бірнеше жыл бұрын дәлелдеген. Шебер ойыншылардан жинақталған мықты құрама деуге болады. Кім мықтыны жартылай финалда анықтаймыз.

– Қазақстан құрамасы Литвада өткен әлем чемпионатында жеңіске жете ала ма?

– Бұл – біздің арманымыз. Футзал тарихында ешкім күтпеген оқиғалардың бірі болары сөзсіз. Біздің көрсеткіштеріміз жаман емес, Еуропа чемпионатының жартылай финалына шықтық. Мүмкіндігіміз мол. Бұл әлем футболы үшін күтпеген оқиға болуы ықтимал. Біз үшін бұл таңсық емес. Қазақтардың керемет халық екенін дәлелдеуді қалаймын.

– Қазақстанда футболдың алар орны қандай?

– Сенбейтін шығарсыз, Қазақстанда футбол қатты дамыған. Мәселен, «Қайраттың» ойынында арена лық толы. 13000, 15000 жанкүйер. Қазақтар үлкен футболға қарағанда футболмен көп әуестенеді. Әлем чемпионатында алға итермелеп жатқан қазақ жанкүйерлерінің де қолдауы зор. Олардың жанайқайын естіміз, шынымен де бізге мотивация береді. Олардың қолдауы – басқа әлем!

– Әлем чемпионатында «Алтын доп» иегері кім болады деп ойлайсыз?

– Пито. Ол жан-жақты. Ол допты ойынға қоса алады, ойындар жүргізе алады, гол соға алады. Керемет ойыншының болашағы алда деп үміттенемін. Әлем чемпионатында Игита да керемет ойынмен көзге түсті. Бұл тізімде Феррао да бар. Жеті гол соғып тастады. Осы үш ойыншының бас жүлдеден үміті бар.

– Игита әлемнің үздік футболшысы деп сізді санайды...

– Игита мені әрдайым алға жетелейді. Екеуіміз үнемі бірге жүрдік. Барлық қиындық пен қуанышты бірге өткіздік. Игита менің ағамдай. Өмір бойы оны құрметтеп өтемін. Оның айтқан сөздеріне алғыс айтамын, алайда бұл талпылауды бұхаралық ақпарат құралдарының таңдауына қалдырды жөн деп санаймын. Әлемнің ең үздік ойыншысы атағын соңғы екі жылда алған Феррао бар. Пито мен Игита да сол тізімде деп санаймын. Мен бұл тізімде жоғары жақта емеспін. Пито әлемнің ең үздік ойыншысы деп ойлаймын. Мен команда үшін жанын салатын қарапайым ойыншылардың бірімін.

– Ферраоға қандай баға бересіз?

– Ферраоға қарсы бірнеше рет ойнадым. Бірнеше рет жеңіп, алғашқы орынды алған едік. Алайда, соңғы Чемпиондар лигасының жартылай

финалында есеміз кетті. Оның физикалық дайындығы жақсы. Феррао сияқты қиындықтармен кездескенді ұнататын. Екеуіміз де оңай емес. Ферраоның үлгісінде ойнайтын ойыншылар менің жаңа қырымды аша түседі деп ойлаймын.

– Игита туралы не ойлайсыз?

– Өте кәсіби, үлгі көрсететіндей тұлға. Екеуіміз сегіз жыл біргеміз. Одан артық еңбек ететін жанды таба алмайсыз. «Еңбек қылмай, жеңіске жете алмайсың» деген қағидамы ұстанамыз. Тарихтағы ең үздік қаламшы екеніне ешқашан шүбә келтірген емеспін.

– Лақап атыңызға тоқталайыңыз...

– «Темір адам» деп алғаш рет Игита бастап айтқан. Бразилия және Барша әлем мені «Темір адам» деп айтады. Бұл мен үшін қызық және маған ұнай бастады. Үйге қайтып бара жатқанда үнемі қайталап айтамын.

– Гуамаре халқы Қазақстан мен Бразилия ойнаса, кімге қолдау көрсетеді?

– Гуамаре – туған қалам, Олар Қазақстанды қолдайды. Ешқашан күмен келтірмеймін (күлпін). Барлығы маған хабарлама жіберіп жатыр: «Қазақстан – Бразилия финалы болады» деп. Егер финал дел солай болып жатса, онда Гуамаре халқы бір күнге қазаққа айналады!

– Өзіңіз финалда Бразилиямен кездескенді қалайсыз ба?

– Бұл – менің арманым. Әлем чемпионатының финалында Бразилия құрамасына қарсы ойнау менің қарьерамдағы ең ұлы сәттердің бірі болмақ. Бұл – барша қазақтың арманы. Спорттың бұл түрінде Бразилияға тең келер қарсылас жоқ. Өрине, мен ең алдымен жартылай финалға ойынды ойлаймын. Алайда, Қазақстан мен Бразилия финалы туралы ойды жасыра алмаймын. Бұл – менің арманым...

ЖҰМАҒҰЛОВ ЖЕЛТОҚСАНДА ЖҰДЫРЫҚТАСАДЫ



Қазақстандық файтер Жалғас Жұмағұлов келесі жекпе-жегі 4 желтоқсанда өткізеді. Ол анголалық Манел Капемен кездеседі.

Қазақстандық спортшы алдағы жекпе-жегі туралы Instagram-парақшасында жариялады. Бұл Жұмағұловтың UFC-мен жаңа келісімшарты бойынша бірінші жекпе-жегі. Жекпе-жек Лас-Вегаста (Невада, АҚШ) UFC Fight Night 199 турнирінде өтеді. Жапондық Rizin Fighting Federation федерациясының

экс-чемпионы, анголалық боксшы Манел Капе қазақстандыққа қарсылас болады.

Жұмағұлов соңғы жекпе-жегін шілдеде Лас-Вегаста (Невада, АҚШ) UFC 264 турнирінде өткізіп, америкалық Джером Ривераны қылғындыру әдісімен жеңді. UFC-мен жаңа келісімі бойынша төрт жекпе-жек өтуі керек.

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ



Халықаралық бокс қауымдастығы (AIBA) өз қатарындағы үздіктерді марапаттау дәстүрін жалғастыруда. Осыған байланысты, әрбір ұлттық федерация өзінің негізгі мамандарын бокстың дамуына, нығаюына қосқан үлесі мен жетістіктеріне қарай таңдап, сараптайды.

Мәселен, ҚБФ пікірі бойынша Қазақстандағы ең үздік бапкер Қайрат Сәтжанов болды. Оның жастар құрамасындағы жұмысы барысында жоғары спорттық нәтижелер, жақсы бокс тәжірибесін енгізу және т.б. көрсетілді. Токио-2020 Олимпиадасының қола жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев үздік боксшы атанды. Ұлттық құраманың капитаны өскелең ұрпаққа үлгі және рингтегі нәтижелерден басқа қоғамдық жұмыстарға да қатысады.

Әйелдер арасында үздік боксшы атағына команда көшбасшысы Алуа Балқыбекова лайық деп танылды. Ол быылғы жылы ең жеңіп салмақта Дубай-2021 Азия чемпионатын жеңіп алды.

Жастар арасындағы Әлем және Азия чемпионы Санжар Ташкенбай да AIBA сертификатына ие болды. Осындай марапат оның құрамадағы әріптесі Милана Куловаға да берілді. Быыл ол құрлықтық жастар арасындағы біріншілікке жеңімпаз атанды.

Соңдай-ақ Ермек Сүлейші Қазақстанның үздік төрешісі атанды. Біздің маманымыз Токиодағы Олимпиада ойындарында жоғары деңгейде жұмыс істегені белгілі. Марапаттау рәсімі онлайн форматта өтті. Оны Қазақстан бокс федерациясының атқарушы директоры Маратбек Мықтыбеков жүргізді. Исламның өзі бүкіл әлемдегі халықаралық бокс күніне орайластырылған.



ҚОЛА ЖҮЛДЕ ҚОРЖЫНДА

Қазақстан құрамасы Иорданияда гандболдан әйелдер арасында өткен Азия чемпионатында үшінші орын алды.

Қазақстан құрамасы жарыстың қола жүлдесін Иран командасымен сарапқа салды. Маңызды кездесу 38:33 есебімен Қазақстан құрамасының пайдасына шешілді.

Айта кетерлік, Қазақстан құрамасы Азия чемпионатының жартылай финалында Жапонияға 24:38 есебімен, ал Иран Оңтүстік Кореядан 24:38 есебімен есе жіберген болатын.

Финалда Оңтүстік Корея мен Жапония құрамалары кездесіп, 33:24 есебімен Оңтүстік Кореяның жеңісімен аяқталды.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ



Рақымжан МҰСАТАЙ, Облыстық жастар ресурстық орталығының «Жастар шығармашылығын және Бұқаралық спортты дамыту бөлімінің» маманы:

ПАТРИОТИЗМ – МЕМЛЕКЕТКЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК

ТӘУЕЛСІЗДІК – ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

– Бұл – еліміздегі ең ұлы мереке. «Тәуелсіз» деген сөздің мағынасын жіті түсіне білген адамға бұл сөз үлкен құш-жігер, қажыр-қайрат сыйлайтыны ақиқат. Иә, тәуелсіз, ешкімге бағынышты емес, зайырлы, өз тілі, діні, ділі бар Қазақстан деген елдің азаматтарымыз. Бұл біздің кеудеміздегі ең үлкен мақтаншы сезімі болу керек. Өзге елдерде орын алып жатқан неше түрлі оқиғаларды естіп жүрміз, сондықтан тыныштықпен атқан әр таңымыз үшін мың шүкір.

Қазақстанның Тәуелсіздігі – ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған асқақ арманы. Тәуелсіздік – егіпмен су көшкен ерлердің, егеті жасақ толған аналардың, шырылдаған нәрестелердің қасіретінің өтеуі, тілегінің қабыл болуы, тағдырдың сыйы. Тәуелсіздік – дамыл-жетілудің, өсіп, өркендеудің кепілі. Ол – он сөзгі мың ғаламды жаратқан Құдірет иесінің шапағатымен, ата-бабаларымыздың қанымен келген қасиетті жеңіс. Ұшқан құстың қанаты талатын ұланғайыр даланы, қойнауы құтқа толы абат мекенді білектің күшімен, найзаың ұшымен қорғап, ата-бабаларымыз ұрпағына аманаттаған. Ата-бабамыздан аманатқа қалған ел мен жерге ие болу, аманатқа қиянат қылмау – бүгінгі ұрпақтың басты парызы.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ОТАН

– Тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі киелі орындар адамға жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуды – патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Олай болса, патриоттық тәрбиенің қазіргі кезде алатын орны ерекше.

Демек, ары ата тегімізде бар ұлтшылдық, елжандылық, намысшылдық, қайсарлық қасиеттер ұрпақтың өн бойында болуы тиіс. Біз болашақ ұрпақты ұлтжанды етіп тәрбиелеуге тиіспіз.

Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана сезім рухани байлықтар көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа ең алдымен – тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді



жатысасқ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін адам болуымыз үшін, салт-дәстүр ұлт болуымыз үшін қажет.

Патриотизм – Отанға, мемлекетке деген сүйіспеншілік.

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗ ТҒЫРЛЫ БОЛСЫН

– Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыз болашаққа нық сеніммен қадам басып келеді. Рухы биік, намысы берік бабалардың ғасырлар бойы асыл мұраты азаттықты аялау, тағдыры ортақ тұтас халқымыздың татулығын сақтау – біздің басты мұратымыз. Бірлігіміз Бөкем, тірлігіміз тиянақты болсын!

Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігіне ие болғанмызға биыл 30 жыл толды. Осындай мерейлі шақта еліміздің гүлденіп-көркеюі жолында аянбай етіп жүрген қазақстандықтарды Ұлттық мерекемізбен құттықтаймын.

МҰНЫ БІЛГЕН ЖӨН



Емтихан мен бақылау жұмысын немесе басқа да жауапты тапсырма орындарда оқушы да, студент те сабаққа бас қоятынын бар. Берген материалдың бәрін жаттауға, мұқият оқуға көшеді. Оқығанын бәрі есте қалғаны аса маңызды. Оның үстіне, уақыт та тығыз. Не істемек керек? Қалай барынша тез оқып, есте сақтаймыз?

Оқушының ойында тез жаттау үшін «таңертең оқуым ба әлде кешке оқуым ба?» деген сауал туады. Ми тыныққан соң, оқыған да пайдалы, әрине.

Бірақ мамандар сабақты таңертең емес, кешке, ұйықтап алдында оқығанның пайдасы көбірек

дегенді айтады. Неге десеңіз, адамның ұйқысы жатпаған сабақты есте сақтауға көмектеседі екен. Күндіз не ойласан, түнде соны көресің» дегенді халқымыз. Соның шындығы бар болып шықты. Яғни, ұйықтап алдында сабақты жаттап, қарап, ойыңызға

тоқып алсаңыз, ұйықтағаннан кейін соны адам миы өзіне тоқып алатын көрінеді. Бұл да мидың бір ерекшелігі.

Сондықтан мамандар ұйықтап алдында оқитын материалдың бәрін оқып алып жаттықпай жөн дегенді ала

тартарды. Тағы бір кеңес – сабақты топтық жұмыспен қарау. Яғни, басқа сыныптас не топтас достарыңызбен бірге қарасңыз – соғұрлым есте қалады.

Сабақ қарағанда смартфон, теледидарды сөндірп қойған жөн.

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫ КҮТЕМІЗ!

Темірбек Жүргенов атындағы облыстық жас ғалымдар байқауы

Қызылорда облыстық «Ақмешіт жастары» газеті Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай жас ғалымдар арасында Темірбек Жүргенов атындағы сыйлық үшін «Ғылым жолында» атты байқау жариялайды.

Жалпы ережелер
Байқаудың мақсаты мен міндеті:
– Жас ғалымдарды ынталандару, шығармашыл жастарды насихаттау;

Байқаудың талаптары:
– Байқауға 18-35 жас аралығындағы жас ғалымдар қатыса алады.
– Байқауға ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды.
Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі, мерзімі:
– Байқауға қатысушы үміткер өзі туралы қысқаша мәліметті және еркін тақырыпта жазылған ғылыми мақаласын aqmeshit.jastary@gmail.com поштасына жолдауы қажет немесе төменде көрсетілген редакция мекен-жайына қалдыруына болады. Байқау материалдарын қабылдау 1 қарашаға дейін жалғасады.
– Ғалымдардың жұмысын бағалау және жеңімпазды анықтау үшін кеңес құрылады.

Редакцияның мекен-жайы:
120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
Байланыс телефондары: 8 (7242) 40-11-10

JULDYZ - JORAMAL

(30 қыркүйек – 6 қазан)

Тоқты
Апта ерекше көңіл-күй сыйлайды. Бір уақытта бірнеше жұмыс істеуіңізге тура келеді. Оған еш ренжімейсіз. Бірақ назарыңызды бір жұмысқа аударғаныңыз дұрыс. Аптада достарыңызбен бас қосасыз, мерекелік кеш болады.

Таразы
Сабырлы болуға тырысыңыз. Кейде айналыңызғы адамдар сізді әдейі ашуландыруы мүмкін. Сондықтан арандатушыларға ерменді. Жоспарды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт. Болашағы зор жұмысқа орналасуға немесе жаңа кәсіп бастауға қолыайы сәт.

Тарпақ
Қандай мәселе орын алса да, өз ақыл-ойыңызды тыңдаңыз. Сонымен қатар қаржылық мәселені біріншілайсыз. Аптада өмірдің жаңа баспалдағын аттайсыз. Өзіңіздің жоспарларды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт.

Сарышаан
Ештегенге алаңданаңыз. Көп күш жұмсамастан біраз жетістікке жетуге мүмкіндік бар. Сіз барлық мүмкіндікті пайдаланып, өзін-өзі дамытуға бірге болыңыз. Ол өзін жалғыз сезініп жүр, қолдау көрсеткеніңіз жөн.

Егіз
Аптаныз жақсы басталады, уақытыңыз бөкереге өтпейді. Ойын-сауық кештерге баруыңыз мүмкін. Осы күнінкізді сергек өткізуге тырысыңыз. Аздаған қиындықтар болады, алайда алаңдауға негіз жоқ. Бәрі реттеледі.

Мерген
Достарыңыздан хабар күтіңіз. Жақсы жаңалық болуы мүмкін. Десе де шешім қабылдағанда абай болыңыз. Барлық шаруаны орындау, мақсатқа жету оңайға соқпайды. Бірақ сіз еш берілмейсіз. Табандылықтың арқасында біраз жетістікке жетесіз.

Шаян
Қазметте жолыңыз болады! Қалпаңыз да қалыңдайды! Бірақ қалпа қалыңдайды деп, достарыңызды ұмытып кетпеңіз. Аптада сәттілік серіліңіз болады. Соңғы уақытта сызат түскен қарым-қатынасты қайта қалыңа келтіресіз. Ескі қателіктерді де жөндейсіз.

Тауешкі
Ойлананыңыз! Егер алдағы күндерге жоспар құрсаңыз, барлық жұмысыңыз алға басады. Өз мүмкіндігіңізді пайдаланып, барлық жұмысты дәнегерлетесіз. Ұстаздар, кеңесшілер, саудагерлер және делдалдар үшін өте сәтті күн болады. Әсіресе топ болып жұмыс істейтіндердің айы онынан туады.

Арыстан
Адамдармен тіл табысу қиынға соғады. Тіпті жақын адамдардың өз сөзін дұрыс түсінбеуі мүмкін. Ойлау қабілеті терең жандар орын алған оқиғалардың соны қалай аяқталатынын жақсы біледі. Сондай-ақ барлық жұмыста белсенділік танытып, оң шешім табуға атсалысады.

Сұқыйғыш
Қандай мәселе орын алса да, өз ақыл-ойыңызды тыңдаңыз. Сонымен қатар қаржылық мәселені біріншілайсыз. Аптада өмірдің жаңа баспалдағын аттайсыз. Өзіңіздің жоспарларды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт.

Бикеш
Бұрын қолыңыздан келмеген шаруаларды аптада сонында алып жеткізесіз. Іскерлік және жеке қарым-қатынасты қалыңа келтіре аласыз. Барынша сабыр сақтап біліңіз. Егер шымдасыздық танытсаңыз, көп қателік жіберуіңіз мүмкін.

Балық
Апта сәтті басталады. Егер асығыстық танытпасаңыз, ешқандай қателікке бой алдырмайсыз. Сонымен қатар барлық мәселеде өзіңіз шешім қабылдаған жөн.

Кезекші редактор: Г. ЖҰМАДИНОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Тарапымыз: **8517**
Тапсырыс: **1424**

<p>БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРАБАЕВ</p>	<p>Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.</p>	
<p>Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10</p>	<p>Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz</p>	
<p>БАС РЕДАКТОР Айжан АБДУЛЛАЕВА</p>		